

ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК - ЭКОНОМИКАНЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНЫҢ КЕПІЛІ

Қазақстанда отынмен үздіксіз қамтамасыз ету және цифрлық қызметтерді дамыту – ел экономикасының тұрақты өсіміне ықпал ететін маңызды бағыттардың бірі. Осы орайда GASENERGY (TOO «PetroRetail») және Qazaq Oil жанармай құю желілерінде қолжетімді электронды дизель отыны талондары заңды тұлғалар мен кәсіпкерлерге қолайлы әрі тиімді қызмет ұсынады.

Электронды талондар арқылы тұтынушылар дизель отынын қолма-қол ақшасыз есеп айырысу тәсілімен сатып алып, еліміздің әр өңіріндегі жанармай құю бекеттерінен ала алады. Қазіргі ұсыныс бойынша дизель отынының бағасы – литріне 301 теңге. Сонымен қатар, халықаралық TotalEnergies технологиясы негізінде өндірілген премиум санатындағы сапалы отын ұсынылады.

Компания тек жанармай сатумен ғана шектелмей, өндірістік және ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына, құрылыс ұйымдарына арналған кешенді қызметтер көрсетеді. Атап айтқанда, бензовоздар, автоцистерналар (АЦ), автотопливозаправщиктер (АТЗ) және жартылай тіркемелі цистерналар (ППЦ) арқылы отынды жеткізу және арнайы техниканы жалға беру қызметтері ұйымдастырылған.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауларында экономиканы әртартандыру, көлік-логистика инфрақұрылымын жетілдіру, цифрландыруды кеңейту және энергетикалық қауіпсіздікті күшейту міндеттеріне ерекше назар аударып келеді. Президент тапсырмалары аясында кәсіпкерлер үшін қолайлы цифрлық сервистерді енгізу, жанармай жеткізу тізбегінің ашықтығын қамтамасыз ету және бизнестің шығындарын азайту – басым бағыттардың бірі.

Электронды отын талондары жүйесінің енгізілуі есеп жүргізуді жеңілдетіп, қаржының тиімді жұмсалуына мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде кәсіпорындардың жұмыс тиімділігін арттырып, елдегі көлік, құрылыс және агро-өнеркәсіп салаларының тұрақты дамуына оң әсер етеді.

Осылайша, цифрлық технологиялар негізінде ұсынылатын заманауи отын қызметтері Президенттің экономиканы жаңғырту, кәсіпкерлікті қолдау және халыққа сапалы қызмет көрсету жөніндегі стратегиялық міндеттерін жүзеге асыруға өз үлесін қосып келеді.

«Айғақ»-ақпарат.



www.aigak.kz

RESPUBLIKALYQ APTALYQ GAZET

АЙҒАҚ

MEDIA

Gazet Qazaqstan Jýrnalistika Akademiasynyń "Altyn Juldyz", Qazaqstan Jýrnalister odaǵynyń Turar RYSQULOV jáne Sattar ERYBAEV atyndaǵy sylyqtarynyń, "Altyn júrek" sylyǵynyń iegeri



№33 /sársenbi/ 12 tamyz 2026 jyl

СЫРДАРИЯ СУЫ: ОРТАҚ РЕСУРС, ОРТАҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК



Орталық Азия елдері трансшекаралық су ресурстарын басқаруды цифрландыруға қадам басты

Су – Орталық Азия үшін жай ғана табиғи ресурс емес, аймақтың экономикалық тұрақтылығы мен азық-түлік қауіпсіздігін айқындайтын стратегиялық фактор. Сырдария мен Өмүдария сынды трансшекаралық өзендер бірнеше мемлекеттің тірші-

лігіне ортақ болғандықтан, олардың суын тиімді әрі әділ пайдалану – өңір елдері үшін аса маңызды міндет.

Осы бағыттағы өзара іс-қимылды күшейту мақсатында Түркістан қаласында Орталық Азияның Мемлекетаралық су шаруашылығын үйлестіру комиссиясының (МСШҰК) 94-отырысы өтті. Басқосуда өңірдегі су ресурстарын бірлесіп басқару, ал-

Өзбекстандағы елшісі Ералы Тоғжанов қатысты.

Кездесудің маңызды мәселелерінің бірі – Сырдария өзені бассейнінде су ресурстарының есебін жүргізудің автоматтандырылған жүйесін енгізу жоспарының жобасын әзірлеу болды.

Қазіргі таңда сутапшылығы күшейіп, климаттың өзгеруі табиғи су қорларына қосымша салмақ түсіріп отырған

кезеңде әр текше метр судың есебін нақты жүргізудің маңызы артып келеді. Су қай жерде қанша жиналды, қандай көлемде пайдаланылды, қай бағытқа жіберілді және қанша мөлшері төменгі ағысқа жетті деген сұрақтарға жедел әрі нақты жауап беру – су ресурстарын тиімді басқарудың басты шарттарының бірі.

Осы тұрғыдан алғанда автоматтандырылған есеп жүйесін енгізу – уақыт талабынан туындаған маңызды қадам. Мұндай жүйе су көлемін бақылауды күшейтіп қана қоймай, мемлекеттер арасындағы ақпарат алмасудың ашықтығын арттыруға, су бөлу жөніндегі шешімдерді нақты деректерге сүйеніп қабылдауға мүмкіндік береді.

Отырыста аталған жоспардың жобасын әзірлеу туралы ұсыныс мақұлданды. Осы мәселе бойынша арнайы жұмыс тобын биылғы қыркүйекке дейін құру жоспарланып отыр.

Бұл бастама Сырдария бассейніндегі су ресурстарын басқаруды жаңа технологиялық деңгейге көтеруге бағытталған. Өйткені су есебі неғұрлым дәл болған сайын, оны бөлу де соғұрлым тиімді әрі әділ жүзеге асады.

Жалғасы 2-ші бетте

САПАЛЫ СУ — ЕЛ САУЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ

Халықты сапалы әрі тұрақты ауызсумен қамтамасыз ету – кез келген мемлекеттің әлеуметтік саясатының маңызды бағыты. Осы ретте Түркістан облысында су инфрақұрылымын жаңғыртуға бағытталған ауқымды жұмыстар жалғасып келеді.

Су ресурстары және ирригация министрлігінің Су шаруашылығы комитеті Түркістан облысындағы Сарыағаш топтық су құбырына су беруді қамтамасыз ететін магистральдық су құбырын реконструкциялау жобасының екінші іске қосу кешенін әзірлеуде.

Бұл жоба өңірдің әлеуметтік маңызы зор нысандарының біріне айналмақ. Себебі оны іске асыру нәтижесінде Сарыағаш және Келес аудандарындағы 66 елді мекен сапалы ауызсумен қамтамасыз етіледі. Аталған елді мекендерде шамамен 250 мың адам тұрады.

Яғни жоба жүздеген мың тұрғынның күнделікті тұрмысына тікелей әсер ететін, халықтың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған маңызды инфрақұрылымдық бастама болмақ.

Екінші іске қосу кешені аясында су алатын бас құрылыстар мен суды тазартудың заманауи мембраналық технологиясы қолданылатын су дайындау станциясын салу жоспарланып отыр.

Мембраналық тазарту технологиясының қолданылуы су сапасын арттыруға бағытталған маңызды қадам. Заманауи су дайындау жүйелері судың

құрамындағы қажетсіз қоспаларды тиімді тазартуға мүмкіндік беріп, тұтынушыларға санитарлық талаптарға сай ауызсу жеткізудің сенімділігін күшейтеді.

Бұл – әсіресе халық саны өсіп келе жатқан, әлеуметтік және экономикалық тұрғыдан қарқынды дамып отырған Түркістан облысы үшін аса маңызды.

Қазір жобалық құжаттаманы «Мемсараптама» РМК қарап жатыр. Сараптама кезеңінің аяқталуы жобаны келесі іске асыру кезеңіне көшіруге мүмкіндік береді.

Су мәселесінің маңызы оның күнделікті өмірдегі қарапайым қажеттіліктерден әлдеқайда кең екенімен өлшенеді. Таза ауызсу – ең алдымен халықтың денсаулығы. Сонымен бірге су жүйесінің тұрақты болуы мектептер, балабақшалар, медициналық ұйымдар, әлеуметтік нысандар мен кәсіпкерлік субъектілерінің қалыпты жұмыс істеуі үшін де қажет.

Сапалы ауызсуға қолжетімділік артқан сайын елді мекендердің санитарлық жағдайы жақсарып, тұрғындардың тұрмыс сапасы көтеріледі.

Сондықтан Сарыағаш топтық су құбырының магистральдық жүйесін жаңғырту – инженерлік инфрақұрылымды жөндеумен ғана шектелмейтін, халықтың әл-ауқатына тікелей ықпал ететін әлеуметтік жоба.

Әсіресе бір жобаның аясында 66 елді

мекен мен шамамен 250 мың тұрғынның қажеттілігін қамту – оның ауқымын айқын көрсетеді.

Жобаның алғашқы нәтижелері де бар. Бірінші іске қосу кешені бойынша жұмыстар өткен жылы аяқталды.

Су ресурстары және ирригация министрлігі Су шаруашылығы комитетінің төрағасы Арсен Жақанбаевтың айтуынша, бірінші іске қосу кешені аясында диаметрі 630 миллиметр болатын 35,5 шақырым магистральдық су құбыры тартылып, 210 су құбыры құдығы орнатылған.

Нысанды пайдалануға қабылдау актісіне 2025 жылғы желтоқсанда қол қойылған.

Бұл – өңірдегі су инфрақұрылымын жаңғырту бағытындағы нақты қадам. Жаңа магистральдық желілердің тартылуы су жеткізу жүйесінің сенімділігін арттырып, алдағы уақытта елді мекендерді тұрақты сумен қамтуға қажетті жағдай қалыптастырады.

Түркістан облысында халық санының өсуі мен жаңа елді мекендердің дамуы ауызсу инфрақұрылымына деген сұранысты арттырып отыр. Сондықтан су жүйесін алдын ала жаңғырту және оның өткізу мүмкіндігін кеңейту – болашаққа бағытталған стратегиялық міндет.

Осы тұрғыдан алғанда, Сарыағаш топтық су құбырын реконструкциялау жобасы өңірдің су қауіпсіздігін нығайтуға бағытталған маңызды бастамалардың бірі.

Жалғасы 2-ші бетте

САЙРАМДА БИОГАЗ ЗАУЫТЫ САЛЫНАДЫ



Түркістан облысында 25 млрд теңгелік инвестициялық жоба жүзеге асырылмақ

Түркістан облысында өндіріс саласын өртартапандыруға, жасыл энергетиканы дамытуға және жаңа жұмыс орындарын ашуға бағытталған ірі инвестициялық жоба жүзеге асырылмақ. Сайрам ауданында «Sairam biogas and fertilizers factory» ЖШС интеграцияланған тыңайтқыштар өндірісін жолға қойып, биогаз зауытын іске қосуды жоспарлап отыр.

Аталған жоба өңір экономикасына жаңа серпін беретін бастамалардың бірі болмақ. Инвесторлар кәсіпорынды іске асыруға 25 млрд теңге көлемінде инвестиция салуға дайын екенін жеткізді. Жоба толық қуатына шыққан жағдайда ауыл шаруашылығы қалдықтарын тиімді пайдалануға, энергия өндіруге және тыңайтқыш өндірісін дамытуға мүмкіндік береді.

Жобаның перспективалары облыс әкімінің орынбасары Қанат Қайыпбектің «Sairam biogas and fertilizers factory» ЖШС бас директоры Алмаз Туленовпен кездесуінде талқыланды. Кездесу барысында инвестициялық жобаны іске асырудың негізгі бағыттары, кезеңдері және қажетті инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету мәселелері жан-жақты қаралды.

Облыс әкімінің орынбасары Қанат Қайыпбек өңірде инвестициялық жобаларды қолдауға айрықша мән берілетінін атап өтті.

Жаңа кәсіпорынның іске қосылуы Түркістан облысының өнеркәсіптік әлеуетін арттырып қана қоймай, экологиялық таза энергия өндіруді дамытуға және жергілікті тұрғындар үшін тұрақты жұмыс орындарын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Өңір үшін мұндай жобалардың маңызы зор. Себебі қазіргі таңда инвестиция тарту тек қаржы көлемін ұлғайтумен шектелмейді. Заманауи өндіріс технологияларын енгізу, шикізатты тиімді пайдалану, қоршаған ортаға түсетін салмақты азайту және қосылған құны жоғары өнім шығару – экономиканың тұрақты дамуының маңызды шарттарына айналып отыр.

Осы тұрғыдан алғанда биогаз өндіру жобасы бірнеше бағытты қатар қамтиды. Бір жағынан, ол энергия өндіруге мүмкіндік берсе, екінші жағынан, ауыл шаруашылығы өндірісінен шығатын органикалық қалдықтарды көдеге жаратуға жол ашады. Ал өндірілетін тыңайтқыштар ауыл шаруашылығы саласында қайта пайдаланылуы мүмкін.

Жобаны Сайрам ауданының Манкент ауылдық округінде іске асыру жоспарланған. Кәсіпорын орналасатын аумақтың жалпы көлемі 17,29 гектарды құрайды.

Инвесторлардың жоспарына сәйкес, жоба 2027-2029 жылдар аралығында кезең-кезеңімен жүзеге асырылады. Өндіріс орны толық іске қосылған кезде 100 жаңа жұмыс орнын ашу көзделіп отыр.

Бұл – ауылдық елді мекен үшін маңызды көрсеткіш. Жаңа жұмыс орындарының ашылуы тұрғындардың жұмыспен қамтылуына оң ықпал етіп, жергілікті экономикалық белсенділікті арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен бірге кәсіпорынның іске қосылуы сервистік қызметтер, логистика және басқа да ілеспе салалардың дамуына өсер етуі мүмкін.

Инвестициялық жобаның қазіргі уақытта Бірыңғай индустрияландыру картасына енгізілуі де оның өңір үшін маңызын айқындайды.

Жобаның негізгі ерекшеліктерінің бірі – биогаз негізінде электр энергиясын өндіру. Жоспар бойынша кәсіпорын жылына 4,95 МВт электр энергиясын өндіруге қауқарлы болады.

Биогаз технологиясының басты артықшылығы – органикалық шикізатты өңдеу арқылы энергия алуға мүмкіндік беруінде. Яғни өндіріс барысында пайда болатын немесе ауыл шаруашылығынан шығатын қалдықтар көдеге жарап, экономикалық құндылығы бар өнімге айналады.

Бұл ретте жоба «қалдық – ресурс» қағидатына негізделген өндірістік тәсілдерді дамытуға жол ашады. Мұндай технологиялар әлемнің көптеген елдерінде жаңартылатын энергия көздерін дамыту және қоршаған ортаға түсетін салмақты азайту бағытында қолданылып келеді.

Түркістан облысы үшін де бұл бағыттың болашағы зор. Өйткені өңірдің ауыл шаруашылығы әлеуеті жоғары. Мал шаруашылығы мен егіншілік көлемінің артуы органикалық қалдықтарды тиімді басқару мәселесін де күн тәртібіне шығарады. Осы тұрғыдан алғанда биогаз өндіру технологиясы қалдықтарды көдеге жарату мен энергия өндіруді ұштастыратын тиімді шешімдердің бірі бола алады.

Жобаның тағы бір маңызды қыры – экологиялық тиімділігі. Биогаз өндірісін дамыту органикалық қалдықтарды ашық ортада жинақтау қажеттілігін азайтып, оларды өңдеуге мүмкіндік береді. Ал өндіріс нәтижесінде алынатын өнімдерді ауыл шаруашылығында пайдалану айналым экономикасының қағидаттарын нығайта түседі.

Бүгінде әлемдік экономикада энергия тиімділігі, жаңартылатын энергия көздері және қалдықтарды қайта өңдеу мәселелеріне ерекше мән берілуде. Қазақстанда да жасыл технологияларды енгізу, энергия көздерін өртартапандыру және өндірістің эколо-

гиялық қауіпсіздігін арттыру бағытындағы жұмыстар кезең-кезеңімен жүзеге асырылып келеді.

Сондықтан Сайрам ауданында қолға алынғалы отырған жоба жергілікті деңгейдегі өндіріс орны ғана емес, өңірдің жасыл экономикаға көшу бағытындағы бастамаларының біріне айналуы мүмкін.

Кездесу барысында инвесторлар жобаның негізгі бағыттары мен оны жүзеге асыру кезеңдерін таныстырып, кәсіпорынды қажетті инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету мәселесін көтерді.

Инвестициялық жобалардың табысты іске асуы үшін жол, электр энергиясы, су, газ және басқа да инженерлік коммуникациялардың қолжетімді болуы маңызды. Бұл ретте мемлекеттік қолдау мен инвестор арасындағы тиімді өзара іс-қимыл жобаның белгіленген мерзімде жүзеге асуына ықпал етеді.

Облыс әкімдігі тарапынан тиімді инвестициялық жобаларды сүйемелдеу және инвесторларға қажетті қолдау көрсетуге басымдық берілуде.

Жаңа өндірістің іске қосылуы Сайрам ауданының экономикалық белсенділігін арттырып, өңірдегі өндірістік кооперацияның дамуына да мүмкіндік береді.

Түркістан облысында соңғы жылдары инвестиция тарту, өнеркәсіпті дамыту және өңір экономикасын өртартапандыру бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Осы қатарда биогаз зауытының жобасы да өзінің технологиялық бағытымен ерекшеленеді. 25 млрд теңгенің инвестициясы, 100 жаңа жұмыс орны және жылына 4,95 МВт электр энергиясын өндіру жоспары – жобаның өңір экономикасына берер нақты мүмкіндіктерін көрсетеді. Ең бастысы, жоба энергетика, ауыл шаруашылығы және экология салаларын өзара байланыстырады. Қалдықты көдеге жаратып, одан энергия мен тыңайтқыш өндіру – ресурстарды үнемді пайдалануға бағытталған заманауи тәсіл.

Егер жоба жоспарланған мерзімде толық жүзеге асса, Манкент ауылдық округінде жаңа өндірістік нысан бой көтеріп, Сайрам ауданының экономикалық әлеуетін арттыруға үлес қосады.

Кездесу қорытындысында тараптар инвестициялық жобаны тиімді әрі уақтылы жүзеге асыру бағытында өзара ынтымақтастықты жалғастыруға уағдаласты.

Сайрамдағы жаңа өндіріс – инвестиция тартудың ғана емес, ауылдық аумақтарды дамыту, жаңа жұмыс орындарын ашу және экологиялық таза энергия көздерін қалыптастырудың нақты көрінісі болмақ.



ТЕҢДЕСІ ЖОҚ МАЛ БОРДАҚЫЛАУ КЕШЕНІ БОЙ КӨТЕРУДЕ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев агроөнеркәсіп кешенін экономиканың негізгі қозғаушы күштерінің біріне айналдыру, ауыл шаруашылығына инвестиция тарту, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және өңделген өнім экспортын ұлғайту міндетін алға қойған болатын. Осы бағыттағы ауқымды жобалардың бірі Түркістан облысының Сауран ауданында жүзеге асырылып жатыр.

Өңірде елімізде теңдесі жоқ мал бордақылау кешенінің құрылысы қарқынды жүргізілуде. Бұл жоба ауыл шаруашылығы өндірісін жаңа деңгейге көтеріп қана қоймай, ет өндірісінің көлемін арттыруға, жаңа жұмыс орындарын ашуға және өңірдің экспорттық әлеуетін күшейтуге серпін береді.

Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров Сауран ауданы Ескі Иқан ауылдық округінде орналасқан «Түркістан ет өнімдері» ЖШС жүзеге асырып жатқан инвестициялық жобаның құрылыс барысымен танысты. Жоба бастамашылары кешеннің құрылыс кезеңдері, өндірістік қуаты мен іске қосылғаннан кейінгі экономикалық тиімділігі туралы баяндады.

Облыс әкімі құрылыс алаңын аралау барысында шаруалармен кездесіп, олардың ұсыныс-пікірлерін тыңдады. Кездесу барысында ауыл шаруашылығын дамыту, мал басын көбейту, ет өндірісін ұлғайту, жаңа жұмыс орындарын құру және өңірдің экспорттық әлеуетін арттыру мәселелері талқыланды. Сонымен қатар мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігіне тоқталып, жобаны сапалы әрі белгіленген мерзімде аяқтау жөнінде жауапты тұлғаларға нақты тапсырмалар жүктеді.

Жалпы құны 1,3 млрд теңгені құрайтын кешен 40 гектар аумақты алып жатыр. Мұнда бір мезгілде 5 мың бас ірі қара малды бордақылауға арналған алаң мен төулігіне 120 бас ірі қараны

союға қауқарлы өндірістік кешен салынып жатыр. Бұдан бөлек, малшыларға арналған тұрғын үйлер, әкімшілік-іскерлік орталығы және қажетті инженерлік инфрақұрылым нысандары бой көтеруде. Қазіргі таңда әкімшілік ғимаратының құрылысы 80 пайызға аяқталып, мал бордақылау алаңдары мен мал сою бекетінде құрылыс-монтаж жұмыстары жалғасуда. Нысан қажетті инфрақұрылыммен толық қамтамасыз етілген.

Жобаның тағы бір маңызды бөлігі – кешеннің маңында «Муталиб Агро» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі жүзеге асырып жатқан 30 шағын мал бордақылау алаңының құрылысы. Бұл нысандарды «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында қаржыландыру жоспарланған. Барлық жоба толық іске қосылғанда 120 тұрақты жұмыс орны ашылады.

Кешеннің басты ерекшелігі – мал бордақылау алаңдарының бір жерде шоғырлануы. Мұндай өндірістік модель инфрақұрылымды тиімді пайдалануға, логистикалық шығындарды азайтуға, ветеринариялық бақылауды күшейтуге және өндіріс үдерісін заманауи технологиялар арқылы басқаруға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде өнімнің өзіндік құнын төмендетіп, сапасын арттыруға жол ашады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ауыл шаруашылығында терең өңдеуді дамыту, ірі инвестициялық жобаларды көбейту және ауылдағы кәсіпкерлікті қолдау мәселесін үнемі назарда ұстап келеді. Сауран ауданында жүзеге асырылып жатқан бұл бірегей кешен – аталған міндеттердің нақты көрінісі. Жоба толық іске қосылғаннан кейін өңірдегі ет өндірісі артып, ішкі нарықты сапалы өніммен қамтамасыз етуге, экспорт көлемін ұлғайтуға және Түркістан облысының агроөнеркәсіп саласының бәсекеге қабілеттілігін күшейтуге елеулі үлес қоспақ.

САПАЛЫ СУ – ЕЛ САУЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ

Ауылдық елді мекендер үшін орталықтандырылған әрі сапалы ауызсудың қолжетімді болуы – өркениетті инфрақұрылымның негізгі көрсеткіштерінің бірі.

Су инфрақұрылымының жаңаруы жаңа үйлердің салынуына, әлеуметтік нысандардың дамуына және шағын кәсіпкерліктің өркендеуіне де қолайлы жағдай қалыптастырады.

Су тапшылығы мен климаттың өзгеруі жағдайында су ресурстарын тиімді басқару мәселесі әлемнің көптеген елдері үшін өзекті болып отыр. Қазақстан үшін де су қорын ұтымды пайдалану, оны қорғау және халықты сапалы ауызсумен қамтамасыз ету – стратегиялық маңызы бар бағыт.

Сондықтан жаңа су құбырларын салу мен қолданыстағы желілерді реконструкциялау жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу қажет. Бұл ретте заманауи технологияларды енгізу, су тазарту сапасын арттыру және инфрақұрылымның ұзақ мерзімді жұмысын қамтамасыз ету басты назарда болуы тиіс.

Сарыағаш топтық су құбырын жаңғырту жобасы осы талаптарға жауап беретін маңызды бастама ретінде ерекшеленеді.

Бірінші іске қосу кешенінің аяқталуы – жұмыстың алғашқы нәтижесі. Ал екінші іске қосу кешенінде заманауи мембраналық технологияға негізделген су дайындау станциясының салынуы жобаның сапалық тұрғыдан жаңа деңгейге көтерілетінін көрсетеді. Ең бастысы – бұл жобаның түпкі нәтижесі құбырдың ұзындығымен немесе техникалық көрсеткіштермен емес, адамдардың күнделікті өміріндегі өзгеріспен өлшенеді.

Сарыағаш пен Келес аудандарының 66 елді мекеніндегі шамамен 250 мың тұрғын үшін сапалы ауызсудың тұрақты қолжетімді болуы – халықтың денсаулығы мен тұрмыс сапасын жақсартатын маңызды қадам. Сондықтан бүгінгі күні су құбырын салу – ертеңгі күннің қауіпсіздігіне салынған инвестиция. Ал таза ауызсу – елдің ең басты байлығының бірі.

Арайлым ӘБСАҒАТ.

ӨңІРАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

Түркістан облысы халықаралық әріптестікті нығайту және инвестициялық әлеуетін арттыру бағытындағы жұмысын жүйелі түрде жалғастырып келеді. Бұл – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың өңірлердің сыртқы экономикалық байланыстарын кеңейту, инвестиция тарту және экономикалық дипломатияны күшейту жөніндегі тапсырмаларының нақты жүзеге асып жатқанын көрсетеді.

Осы мақсатта Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров Түркия Республикасының Измир қаласының әкімі Джемиль Тугаймен кездесті. Басқосуда өңіраралық ынтымақтастықты жаңа деңгейге көтеру, инвестиция тарту, туризмді дамыту, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық байланыстарды кеңейту мәселелері жан-жақты талқыланды.

Кездесу барысында облыс әкімі Нұралхан Көшеров Түркістан өңірінің инвестициялық тартымдылығына, экономикалық әлеуетіне және соңғы жылдары жүзеге асырылып жатқан ауқымды инфрақұрылымдық жобаларға тоқталды. Оның айтуынша, Қазақстан мен Түркияны тарихи тамыр, рухани құндылықтар және стратегиялық серіктестік байланыстырады. Сондықтан өңірлер арасындағы іскерлік қарым-қатынасты нығайту – ортақ дамуға бағайтын маңызды қадам.

– Бүгінгі кездесу екі ел арасындағы достық, ба-

уырластық және өзара сенімге негізделген стратегиялық әріптестіктің өңіраралық деңгейдегі нақты көрінісі. Жақында Түркістан қаласында Түркі мемлекеттері ұйымының бейресми саммиті өтті. Бұл – Түркістанның бүкіл түркі әлемінің рухани орталығы ретіндегі мәртебесін тағы бір мәрте айқындады. Мемлекет басшысының қолдауымен облыста заманауи көлік және инженерлік инфрақұрылым қалыптасып, халықаралық талаптарға сай туристік және әлеуметтік нысандар бой көтеруде. Туризм, ауыл шаруашылығы, өндіріс және инвестиция бағытында әлеуетіміз жоғары. Сондықтан Измирмен бірлескен жобаларды жүзеге асыруға, тәжірибе алмасуға және инвестициялық бастамаларды қолдауға толық дайынбыз, – деді Нұралхан Оралбайұлы.

Өз кезегінде Измир қаласының әкімі Джемиль Тугай Қазақстан мен Түркия арасындағы тарихи әрі рухани байланыстың ерекше маңызға ие екенін атап өтті. Ол Измирдің өнеркәсіп, халықаралық сауда, теңіз логистикасы, туризм, инновация және қалалық басқару салаларындағы тәжірибесі Түркістан облысымен өзара тиімді әріптестік орнатуға мүмкіндік беретінін айтты. Сонымен қатар инвестиция, білім беру, туризм және мәдениет бағыттарындағы ынтымақтастықты кеңейтуге қызығушылық білдіріп, бұл кездесу нақты жобалардың

бастамасына айналатынына сенім білдірді.

Кездесу қорытындысында тараптар екі өңір арасындағы іскерлік байланысты күшейтіп, инвестициялық жобаларды бірлесіп жүзеге асыруға, кәсіпкерлер арасындағы байланыстарды дамытуға және өзара тәжірибе алмасуды жүйелі түрде жалғастыруға уағдаласты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әрбір өңірдің халықаралық байланыстарын кеңейтіп, жаңа инвестициялар тарту, экспорттық әлеуетті арттыру және экономиканы өртараптандыру міндетін тұрақты түрде алға қойып келеді. Түркістан облысының Измирмен әріптестігі осы стратегиялық бағыттардың нақты жүзеге асып жатқанын көрсетеді.

Айта кетейік, Қазақстан мен Түркия арасындағы стратегиялық ынтымақтастық жоғары саяси деңгейде қарқынды дамуда. 2026 жылдың алғашқы төрт айында екі ел арасындағы тауар айналымы 1,8 млрд АҚШ долларын құрады. Оның ішінде экспорт көлемі – 1,4 млрд АҚШ доллары, импорт – 454 млн АҚШ доллары. Ал Түркістан облысы мен Түркия арасындағы тауар айналымы 7 млн АҚШ долларына жетіп отыр. Оның 1 млн АҚШ доллары экспортқа, 6 млн АҚШ доллары импортқа тиесілі. Бұл көрсеткіштер алдағы уақытта өңіраралық ынтымақтастықтың жаңа жобалар арқылы одан әрі нығая түсетініне негіз қалайды.

ОТЫРАРДА ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ЖАҢҒЫРТУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮЙЕЛІ ЖАЛҒАСУДА

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ауылдық елді мекендердің инфрақұрылымын дамыту, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру және халыққа қолайлы орта қалыптастыру міндетін айрықша атап келеді. Осы бағыттағы жұмыстар Түркістан облысының Отырар ауданында да жүйелі түрде жүзеге асырылуда.

Ауданда тұрғындарды сапалы әрі тұрақты инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету, елді мекендерді абаттандыру және заманауи талаптарға сай дамыту бағытында бірқатар маңызды жобалар қолға алынған.

Бүгінде Отырар ауданындағы 22 елді мекен табиғи газ желісіне қосылған. Бұл – тұрғындардың тұрмыс сапасын арттыруға, әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған маңызды қадам. Газдандыру жұмыстары кезең-кезеңімен жалғасып, шалғай ауылдарды көгілдір отынмен қамту мәселесіне басымдық берілуде.

Қазіргі таңда Маяқұм ауылында ішкі газ құбырларын тарту жобасы жүзеге асырылып жатыр. Жобаның аясында жалпы ұзындығы 36,838 шақырым болатын газ желісі жүргізілуде. Құрылыс жұмыстары 2027 жылға өтпелі кезеңмен жоспарланған. Нысанның сапалы әрі белгіленген мерзімде аяқталуы аудан әкімдігінің тұрақты бақылауында.

Сонымен қатар ауданда көшелерді жарықтандыру бағытындағы жұмыстар да қарқын алған. Маяқұм ауылындағы Т.Сыздықов, Р.Мырзабеков, Е.Әнетбеков және А.Байым-

бетов көшелеріне, сондай-ақ Көлқұдық ауылындағы М.Арыс көшесіне заманауи жарықтандыру жүйелері орнатылуда.

Көшелерді жарықтандыру – тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызды тетіктерінің бірі. Бұл жұмыстар ауыл тұрғындары үшін жайлы жағдай қалыптастырып, елді мекендердің көркін арттыруға мүмкіндік береді.

Бұдан бөлек, аудан аумағында абаттандыру және қоғамдық кеңістіктерді жақсарту жұмыстары да жалғасуда. Балтакөл ауылында ұзындығы 200 метр болатын жаяу жүргіншілер жолы абаттандырылып жатыр. Аталған жоба тұрғындардың, әсіресе мектеп оқушылары мен қарт азаматтардың қауіпсіз әрі ыңғайлы қозғалысын қамтамасыз етуге бағытталған.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз тапсырмаларында ауыл мен қала арасындағы әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым алшақтығын азайту, елді мекендердің тұрақты дамуына жағдай жасау қажеттігін үнемі айтып келеді. Осы міндеттер аясында Отырар ауданында жүзеге асырылып жатқан газдандыру, жарықтандыру және абаттандыру жобалары тұрғындардың өл-ауқатын арттыруға, ауылдардың заманауи келбетін қалыптастыруға бағытталған.

Инфрақұрылымдық жобалардың кезең-кезеңімен іске асуы ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беріп, тұрғындар үшін қолайлы әрі қауіпсіз өмір сүру ортасын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

МСШҮК отырысында 2026 жылғы вегетация кезеңіне арналған Сырдария және Өмудария өзендері бассейндеріндегі су қоймаларының жұмыс режимдері мен су бөлу лимиттері де қаралды.

Вегетация кезеңі – ауыл шаруашылығы үшін шешуші уақыт. Егістіктің өнімділігі, шаруалардың еңбегі, өңірлердің азық-түлік қауіпсіздігі мен ауыл шаруашылығы өндірісінің тұрақтылығы көбіне суға байланысты. Сондықтан бұл кезеңде өзен ағысын дұрыс реттеу, су қоймаларындағы қорды тиімді пайдалану және суды белгіленген лимиттер аясында бөлу ерекше маңызға ие.

Сырдария бассейніндегі жағдайдың тұрақты болуы – осы үйлесімді жұмыстың маңызды нәтижелерінің бірі. МСШҮК аясындағы келісілген іс-қимылдың арқасында биыл Шардара су қоймасына тұрақты су келуі қамтамасыз етілді. 2026 жылғы 1 сәуірден бері су қоймасына шамамен 3 млрд текше метр су түскен. Бұл көрсеткіш өткен жылғы және көпжылдық орташа деңгейлерден жоғары.

Мамандардың болжамынша, вегетация кезеңі аяқталғанға дейін су келуі жалғаса береді. Қазіргі уақытта Сырдария өзені бассейніндегі су шаруашылығы жағдайы тұрақты. Ауыл шаруашылығы қажеттіліктері үшін су штаттық режимде беріліп жатыр.

Бұл көрсеткіштер, бір жағынан, биылғы су жағдайының салыстырмалы түрде қолайлы екенін көрсетсе, екінші жағынан, су ресурстарын алдын ала жоспарлау мен мемлекетаралық келісімдердің маңызын аңғартады.

Сырдария өзені – Орталық Азиядағы ең маңызды трансшекаралық су артерияларының бірі. Оның суы бірнеше мемлекет аумағын кесіп өтіп, миллиондаған адамның тұрмысына, ауыл шаруашылығына, энергетикасына және экологиялық ахуалына әсер етеді. Сондықтан өзен суын пайдалану мәселесін бір мемлекеттің ғана мүддесі тұрғысынан қарау мүмкін емес. Жоғарғы және төменгі ағыста орналасқан елдердің қажеттілігі өзара байланысты. Бір елдегі су шаруашылығы шешімі екінші мемлекеттің ауыл шаруашылығына немесе экологиялық жағдайына тікелей ықпал етуі мүмкін. Осы себепті Сырдария мен Өмудария бассейндеріндегі су ресурстарын басқаруда өзара сенім, тұрақты диалог және нақты деректерге негізделген шешімдер қажет.

СЫРДАРІЯ СУЫ: ОРТАҚ РЕСУРС, ОРТАҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Су – бөліп-жаратын емес, керісінше, елдерді ынтымақтастыққа шақыратын ортақ құндылық болуы тиіс. Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітовтің айтуынша, Мемлекетаралық су шаруашылығын үйлестіру комиссиясы ұзақ жылдар бойы Орталық Азиядағы су шаруашылығы саласындағы шешімдерді келісуге арналған негізгі кәсіби алаң болып келеді.

«Дәл осы жерде Сырдария мен Өмудария өзендері бассейндерінің трансшекаралық су ресурстарын бірлесіп басқарудың тиімді тәсілдері әзірленіп, өңір мемлекеттерінің мүдделер теңгерімі мен алдағы кезеңдегі су пайдаланудың тұрақтылығы қамтамасыз етіледі», – деді министр.

Су тапшылығы жағдайында ынтымақтастықтың маңызы артады. Орталық Азия үшін су мәселесінің өзектілігі алдағы жылдары одан әрі арта түсуі мүмкін. Климаттың өзгеруі, халық санының өсуі, ауыл шаруашылығына қажеттіліктің артуы және су тұтыну көлемінің ұлғаюы су ресурстарына түсетін қысымды күшейтіп отыр.

Мұндай жағдайда суды тек көбейту емес, ең алдымен бар ресурсты тиімді пайдалану маңызды. Яғни судың ысырабына жол бермеу, ирригациялық инфрақұрылымды жаңғырту, су есебін жетілдіру және цифрлық технологияларды кеңінен қолдану қажет. Сондықтан Сырдария бассейніндегі су есебін автоматтандыру бастамасының маңызы ерекше. Бұл – тек техникалық жоба емес, мемлекеттер арасындағы су саласындағы өзара түсіністік пен сенімді нығайтатын құрал.

Су туралы нақты ақпарат неғұрлым жедел әрі ашық болса, ортақ шешім қабылдау да соғұрлым жеңілдейді.

МСШҮК отырысында Дүниежүзілік банкпен бірлесіп жүзеге асырылып жатқан Орталық Азия елдерінің су ресурстарын тиімді пайдалану бойынша өңірлік ынтымақтастыққа арналған гранттық жобаның – SAWEC жобасының іске асырылу барысы да қаралды. Бұл бастама өңір елдерінің су ресурстарын тиімді басқару бағытындағы ынтымақтастығын күшейтуге арналған. Халықаралық серіктестермен бірлескен жобалар заманауи тәжірибелерді енгізуге, институционалдық мүмкіндіктерді арттыруға және су ша-

руашылығы саласындағы ортақ мәселелерді шешуге жол ашады.

Сонымен бірге күн тәртібінде Халықаралық Аралды құтқару қорының құрылтайшы мемлекеттері басшылары кеңестерінің шешімдерінен туындайтын міндеттердің орындалуы да талқыланды.

Арал теңізінің тағдыры – Орталық Азиядағы су ресурстарын ұқыпты пайдаланудың қаншалықты маңызды екенін көрсететін ең үлкен мысалдардың бірі. Өткеннен сабақ ала отырып, бүгінгі су қорын тиімді пайдалану – келешек ұрпақ алдындағы ортақ жауапкершілік.

Бүгінде су шаруашылығының міндеті тек өзеннен суды алып, егістікке жеткізуден шектелмейді. Әрбір текше метр судың есебін жүргізу, оның ысырабына жол бермеу, су көздерін қорғау және келешекке жеткілікті қор қалыптастыру – ортақ міндет.

Су бар жерде – тіршілік бар. Су бар жерде – ауыл шаруашылығы, өндіріс, энергетика және елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы бар. Сондықтан су қауіпсіздігі бүгінде ұлттық қауіпсіздіктің маңызды құрамдас бөлігіне айналып отыр.

Сырдария бассейніндегі мемлекеттердің ортақ мақсаты да осы – қолда бар суды әділ бөлісу ғана емес, оны барынша тиімді пайдалану, су қорын сақтау және келер ұрпаққа жеткізу.

Бұл ретте МСШҮК секілді кәсіби өрі тұрақты диалог алаңдарының рөлі айрықша. Өйткені трансшекаралық су мәселесінде біржақты шешімнен гөрі өзара келісім мен ортақ жауапкершілік өлдеқайда маңызды.

Сырдарияның әр тамшысы бірнеше елдің тағдырымен сабақтас.

Сондықтан оның суын есептеу, тиімді пайдалану және қорғау – бір ғана мемлекеттің емес, бүкіл Орталық Азияның ортақ ісі.

Орталық Азия Мемлекетаралық су шаруашылығын үйлестіру комиссиясының келесі, 95-отырысы Түрікменстанда өтеді. Онда да өңірдегі су ресурстарын тиімді басқару, мемлекетаралық су қатынастарын нығайту және ортақ міндеттерді жүзеге асыру мәселелері жалғасын табады.

Ұлжан ҚАСЫМЖАНҚЫЗЫ.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бұқаралық спортты дамыту, жастардың денсаулығын нығайту және барлық елді мекенде заманауи спорт инфрақұрылымын қалыптастыруды мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының бірі ретінде айқындап келеді. Президенттің тапсырмасына сәйкес Түркістан облысында халықтың спортпен тұрақты айналысуына қолайлы жағдай жасау бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасуда.

Осы игі бастамалардың нақты нәтижесі ретінде Түркістан облысының Сауран ауданындағы Шорнақ ауылында жаңа спорт кешені пайдалануға берілді. Нысанның ашылу салтанатына Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров қатысып, тұрғындарды айтулы оқиғамен құттықтады.

Өңір басшысы өз сөзінде спорттың денсаулықты нығайтып қана қоймай, жастарды отансүйгіштікке, тәртіпке және табандылыққа тәрбиелейтін маңызды құрал екенін атап өтті.

– Қасиетті Сауран жерінде тағы бір маңызды әлеуметтік нысан ел игілігіне беріліп отыр. Бұл – тек Шорнақ ауылының ғана емес, бүкіл өңірдің қуанышы. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев бұқаралық спортты дамыту – ұлт саулығына салынған

БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТТЫ ДАМУДЫҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ

инвестиция екенін үнемі айтып келеді. Президент тапсырмасына сәйкес Түркістан облысында спорт инфрақұрылымын дамытуға ерекше көңіл бөлінуде. Соңғы екі жылда облыста 28 спорт кешені пайдалануға берілсе, биыл тағы 9 кешеннің құрылысы аяқталып, тұрғындар игілігіне ұсынылады. Бүгін сол нысандардың алғашқысының есігін айқара ашып отырмыз. Бұл кешенде жаттығатын жастардың арасынан Азия, әлем чемпиондары мен Олимпиада жеңімпаздары шығатынына сенім мол, – деді Нұралхан Көшеров.

Салтанатты рәсімнен кейін облыс әкімі жаңа спорт кешенін аралап, оның материалдық-техникалық базасымен танысты. Сондай-ақ жас спортшылармен кездесіп, олардың алдағы жоспарлары мен ұсыныстарын тыңдады.

Жобаның құрылысы 2024 жылдың тамызы айында басталған. Жалпы құны 1 млрд 733,6 млн теңгені құрайтын кешен бір гектар аумақта орналасқан.



Мұнда баскетбол, бокс, қазақ күресі және еркін күреспен айналысуға арналған арнайы залдар, сондай-ақ заманауи тренажер залы жабдықталған. Спорт кешені барлық қажетті инженерлік инфрақұрылыммен толық қамтамасыз етіліп, пайдалануға берілгеннен кейін 40 жаңа тұрақты жұмыс орны ашылды.

Жаңа нысан ауыл тұрғындарына, әсіресе жасөспірімдер мен жастарға спортпен жүйелі түрде шұғылдануға кең мүмкіндік береді. Сонымен қатар

бұқаралық спортты дамытуға, салауатты өмір салтын насихаттауға және өңірде спорттық резерв қалыптастыруға тың серпін береді.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауларында әрбір ауыл тұрғынының сапалы әлеуметтік инфрақұрылымға қол жеткізуі, балалар мен жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру және бұқаралық спортпен айналысуына жағдай жасау – ел дамуының маңызды басымдықтарының бірі екенін атап келеді. Осы тұрғыдан алғанда, Шорнақ

ауылындағы жаңа спорт кешені – мемлекеттік саясаттың нақты нәтижесі әрі ауыл тұрғындарының өмір сапасын арттыруға бағытталған маңызды әлеуметтік жоба.

Мұндай заманауи спорт нысандарының көбеюі Түркістан облысында бұқаралық спорттың дамуына, халықаралық деңгейде ел намысын қорғайтын талантты спортшылардың шығуына және жастардың дені сау, білімді әрі бәсекеге қабілетті болып қалыптасуына берік негіз қалайды.

КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУ – ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев шағын және орта бизнесті дамыту, кәсіпкерлерге қолайлы жағдай қалыптастыру және халықтың іскерлік белсенділігін арттыру міндетін тұрақты түрде атап келеді. Осы бағыттағы жұмыстар Түркістан облысында да жүйелі түрде жүзеге асырылып, тұрғындардың кәсіп бастауына және оны дамытуына қажетті қолдау көрсетілуде.

Өңірде кәсіпкерлік мәдениетті қалыптастыру, қаржылық сауаттылықты арттыру және жаңа бизнес бастамаларды қолдау мақсатында «TURKISTAN» Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы бірқатар жобаларды жүзеге асыруда. Соның бірі – облыстың барлық аудан-қалаларында ұйымдастырылып жатқан «Кәсіпкерлік негіздері және агроқұзыреттілік» тақырыбындағы оқыту семинарлары.

Аталған оқыту бағдарламасы кәсіп бастауды жоспарлап жүрген азаматтарға ғана емес, жұмысын кеңейтіп, кәсібін жаңа деңгейге көтеруді көздейтін тәжірибелі кәсіпкерлерге де арналған. Семинар барысында қатысушылар бизнес жүргізудің негізгі қағидаларын, кәсіп ашу жолдарын, бизнес-жоспар әзірлеу тетіктерін, салық жүйесінің ерекшеліктерін және мемлекеттік қолдау құралдарын жан-жақты меңгереді.

Сонымен қатар оқу барысында заманауи маркетинг тәсілдері, қаржылық жоспарлау, нарықты зерттеу, өнімді тиімді ұсыну және кәсіптің тұрақ-

ты дамуын қамтамасыз ету бағыттары түсіндіріледі. Теориялық біліммен қатар, қатысушыларға нақты тәжірибелік кеңестер беріліп, өз бизнес-жобаларын талдауға мүмкіндік жасалады.

Семинардың басты ерекшелігі – азаматтардың дайын біліммен шектелмей, өз идеяларын нақты жоспарға айналдыра алуында. Мамандар бизнесті жүргізу барысында кездесетін мәселелерді шешудің тиімді жолдарын ұсынады.

Бүгінде Түркістан облысында кәсіпкерлікпен айналысуға ниетті тұрғындардың қатары артып келеді. Мұндай оқыту бағдарламалары азаматтардың өз ісін бастауына, жаңа жұмыс орындарының ашылуына және өңір экономикасының тұрақты дамуына оң ықпал етуде.

Президент Қ.Тоқаев халықтың әл-ауқатын арттырудың маңызды тетігі ретінде кәсіпкерлікті дамытуды, әсіресе ауылдық жерлерде шағын бизнестің белсенділігін күшейтуді стратегиялық міндеттердің бірі ретінде айқындаған. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы алдағы уақытта да өңір тұрғындары мен кәсіпкерлеріне ақпараттық, және білім беру бағыттарында қолдау көрсетіп, кәсіпкерлікті дамытуға арналған жаңа жобаларды жүзеге асыра бермек.

Білімді әрі бәсекеге қабілетті кәсіпкерлік орта қалыптастыру – Түркістан облысының экономикалық әлеуетін арттырып, жаңа мүмкіндіктерге жол ашатын маңызды қадам.

ОТЫРАРДА ӨНДІРІС ӨРІСІ КЕҢЕЙІП, ЖАҢА ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ АШЫЛУДА

жаңа жұмыс орны ашылды.

Іске қосылған өндіріс орындарының қатарында темір бұйымдарын шығару, брусчатка өндіру, құрама жем дайындау және ауыл шаруашылығы өнімдерін сублимациялық әдіспен кептіру бағытындағы заманауи кәсіпорындар бар. Аталған жобалар ауданның өндірістік әлеуетін арттырып қана қоймай, жергілікті шикізатты тиімді пайдалануға, жаңа өнім түрлерін шығаруға және тұрғындарды жұмыспен қамтуға мүмкіндік береді.

Жаңа кәсіпорындардың ашылуы – Отырар ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беретін маңызды қадам. Өндіріс орындарының көбеюі тұрғындардың табысын арттыруға, кәсіпкерлік бастамаларды қолдауға және аудан экономикасының тұрақты дамуына ықпал етеді.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз тапсырмаларында өңірлерде өндіріс көлемін ұлғайту, отандық өнім үлесін

арттыру және кәсіпкерлерге қолдау көрсету арқылы жаңа жұмыс орындарын құру қажеттігін атап келеді. Осы тұрғыдан алғанда, Отырар ауданында жүзеге асырылып жатқан жобалар мемлекеттік экономикалық саясаттың нақты нәтижесін көрсетеді.

Айта кетейік, Түркістан облысында кәсіпкерлерді қолдау және өндірісті дамыту мақсатында 29 шағын өндірістік парк құрылуда. Аталған нысандар аясында 275 өндіріс орнының құрылысы басталып, бүгінде оның 164-і пайдалануға берілген. Бұл жобалар өңірдегі кәсіпкерлік белсенділікті арттырып, жаңа өндірістердің дамуына және мыңдаған тұрғынды жұмыспен қамтуға мүмкіндік береді.

Алдағы уақытта да Отырар ауданында өндірістік жобаларды іске асыру, инвестиция тарту және кәсіпкерлерге қолайлы орта қалыптастыру бағытындағы жұмыстар жалғаса бермек.

АУЫЛДАРДЫ ДАМУТҰ:

СОЗАҚТА ЖОЛ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ ЖАҢАРЫП КЕЛЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ауылдық аумақтарды дамыту, елді мекендердің инженерлік және көлік инфрақұрылымын жақсарту, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру жөнінде нақты міндеттер жүктеген болатын. Осыған байланысты Созақ ауданында елді мекендердің көше-жол желісін жаңарту жұмыстары қарқын алған. Аудан орталығы – Шолаққорған ауылдық округінде жалпы ұзындығы 8,635 шақырымды құрайтын 13 көшеге асфальт жабындысын төсеу жұмыстары жүргізілуде. Қазіргі таңда Жеткіншек мөлтек ауданындағы А.Төребеков, Атауы жоқ №1, С.Төлендіұлы және Атауы жоқ №2 көшелерінде жол төсеу жұмыстары атқарылып жатыр.

Аудан басшысы мердігер мекеме өкілдерімен кездесіп, жол құрылысы кезінде белгіленген талаптарды сақтау, жұмысты сапалы орындау және бекітілген мерзімнен кешіктірмеу жөнінде нақты тапсырмалар берді.

Алдағы кезеңде Кіші Балдысу, Б.Тастыбаев, К.Тұрымбеков, Жібек жолы №3, Абылай хан, Т.Тоқбергенов, Жібек жолы-1, Ж.Меймандосов және Достық көшелеріне асфальт жабындысы төселеді. Сонымен қатар Абай елді мекеніндегі Шөкәрім-2, Қайсенов-2, Атауы жоқ №1 және

Атауы жоқ №2 көшелерінде де жол жөндеу жұмыстары жүргізілетін болады.

Биыл Созақ ауданында жол инфрақұрылымын дамыту бағытында ауқымды жұмыстар жоспарланған. Жалпы аудан көлемінде елді мекендер ішіндегі 39,5 шақырымды құрайтын 55 көшеге жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Оның ішінде Шолаққорған, Созақ, Таукент, Жуантөбе, Тасты, Шу және Қаратау ауылдық округтеріндегі жалпы ұзындығы 31,7 шақырым болатын 39 көшеге асфальт жабындысы төселеді. Ал Қарақұр, Шаға, Ақсүмбе, Тайқоңыр, Қыземшек және Тасты ауылдық округтеріндегі жалпы ұзындығы 7,8 шақырымды құрайтын 16 көшеге қиыршық тас төсеу жұмыстары жүргізілуде. Жол сапасын арттыру жұмыстары ауылшілік көшелермен ғана шектелмейді. Аудандық маңызы бар KXSZ-12 «KX-57 – Созақ – Бақырлы – Ақсүмбе» автомобиль жолының 11,05 шақырымын орташа жөндеу жұмыстары да аяқталу кезеңіне жетті. Жоба толық аяқталғаннан кейін тұрғындардың ауданшілік және ауыларалық қатынасы жеңілдеп, көлік қозғалысының қауіпсіздігі арта түседі. Нысанды ағымдағы жылдың тамыз айында пайдалануға беру жоспарланып отыр.



«ЖИДЕБАЙ-БӨРІЛІ» МУЗЕЙ-ҚОРЫҒЫ АУМАҒЫНДА ЗАМАНАУИ ВИЗИТ-ОРТАЛЫҚ ҚҰРЫЛАДЫ

Облыс әкімі Берік Уәли өңірде жүзеге асыруды жоспарлап отырған «ABAY KUNANBAYULY VISITOR CENTER» жобасы туралы айтты.

Жоба аясында Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығы аумағында заманауи визит-орталық құру көзделіп отыр.

Инвестициялық жобаның құны 500 млн теңгені құрайды. Оны іске асыру барысында 40 жаңа жұмыс орнын ашу және тәулігіне 1000 адамға дейін қабылдай алатын туристік инфрақұрылым қалыптастыру жоспарланып отыр. Сонымен қатар мәдени-туристік нысанды тиімді басқару үшін «Pana Asia» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне 20 жыл мерзімге сенімгерлік басқаруға беру және жобаны мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетігі арқылы жүзеге асыру мүмкіндігі қарастырылуда.

Жоба Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығына тиесілі жалпы ауданы 532,8 шаршы метр қолданыстағы ғимаратты реконструкциялау арқылы жүзеге асырылады. Жоспарға сәйкес шамамен 200 шаршы метр аумақта визит-орталығы бар кофехана орналасса, қалған бөлігі қонақүй нөмірлеріне бейімделмек. Қонақүйдің нөмірлік қоры шамамен бес бөлмені құрайды.

Аймақ басшысы жобаны іске асыруға инвесторлардың қатысуы тарихи орынның туристік тартымдылығын арттыруға мүмкіндік беретінін атап өтті.

ЖАҢА АРТ-КОМПОЗИЦИЯЛАР АЛМАТЫНЫҢ АЖАРЫН АША ТҮСТІ

4 миллионнан астам гүл мен жаңа арт-композициялар Алматының ажарын аша түсті

Алматыдағы Есентай жағалауында қар барысы мен алып алма бейнеленген гүл композициялар тұрғындардың қызығушылығын арттыруда

Алматыда сәндік гүлдермен безендірілген аумақтардың жалпы көлемі 410 мың шаршы метрден асты. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 77%-ға көп. Біржылдық гүлдердің саны 2,7 миллионнан 4,3 миллионға дейін, ал раушан гүлдері 125 мыңнан 580 мыңға дейін артты. Бұл туралы Есо Almaty мамандары айтты.

Ең ірі гүл алқаптары Есентай өзенінің жағалауында – 20 мың шаршы метр, Сайран су қоймасы бойында – 15 мың шаршы метр және Haluk Arena маңында 7 мың шаршы метрден астам аумақта жасалды.

Қалалық аумақтарды безендіру кезінде мамандар Алматының климаттық ерекшелігін, өсімдіктердің гүлдеу мерзімін, аптап ыстыққа төзімділігін, күтп жасау талаптарын және өзара үйлесімін ескерді. Көшелерге, саябақтарға, скверлерге, жолайрықтарға және субұрқақтар маңына шырайгүл, барқытгүл, бегония, сальвия, цинерария, аксәуле, газания, канна, катарантус және басқа да сәндік өсімдіктер егілді.

Жұмыстың ерекше бағыттарының бірі – көлемді гүл композицияларын жасау болды. «Таулы Қырат» шағынауданындағы Есентай өзенінің жағалауында биіктігі 2,5 метр болатын тауыс бейнесіндегі топиарий орнатылды. Композиция серуен аймағы бойымен 30 метрге созылып жатыр. Оның гүлден жасалған «қауырсындары» целозия, шырайгүл, цинерария және альтернантера өсімдіктерінен құралған.

Сондай-ақ мұнда тағы екі

көлемді композиция – «Қар барысы» мен «Алма» орналас-тырылады. Биіктігі 1,8 метр, ұзындығы 4,3 метр болатын қар барысының мүсінін безендіруге 3,5 мың цинерария мен альтернантера өсімдігі пайдаланылды. Ал биіктігі 2,4 метр, ені 2,5 метр болатын гүлден жасалған «Алма» композициясы 1,5 мың шырайгүлден құрастырылды.

Есентай өзенінің жағалауында жалпы аумағы 20 мың шаршы метрді қамтитын кешенді көгалдандыру жұмыстары жүргізілді. Мұнда жапон-гүл, қызылкүрең, сарана, флокс, көкжалбыз, вейгела, алтыншар, лаванда, қоянтамақ, талқурай, раушан, көпіршікті бұта, сондай-ақ қызғалдақ, сүмбіл және лалагүл егілді.

Гүлден жасалған өзге арт-композициялар Шұғыла шағынауданында, «Алатау» шипажайы маңында, Сәбденов көшесінде және Абай даңғылында да орналастырылды.

Аптап ыстық күндері жасыл желек кешкі және түнгі уақытта суарылады. Қаланың жасыл аймақтарын күтіп ұстауға күн сайын 140-тан астам арнайы техника мен 400-ден астам қызметкер жұмылдырылады.



Мақаншы ауданының орталығы – Мақаншы ауылында «DI-NUR» ЖШС-нің күнбағыс майын өндіру зауыты пайдалануға берілді. Жаңа нысанның ашылу салтанатына облыс әкімі Берік Уәли қатысты.

Салтанатты шарада құттықтау сөз сөйлеген аймақ басшысы жобаның ауыл шаруашылығы өнімдерін тиімді өңдеуге және экспорттық әлеуетті арттыруға ықпал ететінін атап өтті.

«Бүгін біз облысымыздың, соның ішінде Мақаншы ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін стратегиялық маңызы зор инвестициялық жобаның жүзеге асуына куә болып отырмыз. «Di-Nur company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің күнбағыс тұқымын қайта өңдеу және өсімдік майын өндіру зауытының ашылуы – өңіріміздің өндірістік әлеуетін арттырып, ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеуді дамытуға бағытталған маңызды жоба. Мемлекет басшысы агроөнеркәсіп кешенінде өндірілетін өнімнің көлемін ғана емес, оның сапасын арттыруға, шикізатты терең өңдеуге және экспортқа бағытталған бәсекеге қабілетті өнім шығаруға ерекше назар аударып келеді. Бүгін іске қосылып отырған кәсіпорын – осы міндеттердің нақты жүзеге асуының айқын дәлелі. Мұндай инвестициялық жобалар облыс экономикасының тұрақты дамуына, инвестициялық тартымдылықтың артуына және жаңа өндірістердің қалыптасуына серпін береді. Ерекше атап өтерлігі, май өндіру зауытының негізгі инвесторы өзіміздің жерлесіміз, осы ауданның

МАҚАНШЫДА КҮНБАҒЫС МАЙЫН ӨНДІРУ ЗАУЫТЫ АШЫЛДЫ

тумасы Серік Рамбаевтың туған жерге туын тігіп, осындай үлкен өндіріс орнын туған жеріне салып жатқаны үлгі боларлық қадам деуге болады. Баршаңызды жаңа кәсіпорынның ашылуымен шын жүректен құттықтаймын!», – деді Берік Уәли.

Жобаның жалпы инвестициялық құны 7 миллиард теңгені құрайды. Заманауи технологиялармен жарақтандырылған өндіріс орны тәулігіне 300 тонна күнбағыс майын шығаруға, 500 тоннаға дейін күнбағыс дөнін тазалау және құрама жем өндіруге қауқарлы. Сонымен қатар кәсіпорында 20 тұрақты және 100 маусымдық жұмыс орны құрылып, жергілікті тұрғындарды жұмыспен қамтуға елеулі үлес қосады.

Бұл жобаның Мақаншы ауданы үшін стратегиялық маңызы ерекше. Ауданның Қытай Халық Республикасымен мемлекеттік шекарада орналасуы кәсіпорын өнімдерін сыртқы нарықтарға шығаруға, экспорт көлемін ұлғайтуға және халықаралық сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамытуға және өңірдің транзиттік өрі өндірістік әлеуетін тиімді пайдалануға зор мүмкіндік береді.

Аудан тұрғындары кәсіпорынның ашылуына ризашылықтарын жеткізді.

«Сіздерді ауданымыздағы алғашқы өндіріс орнының ашылуымен шын жүректен құттықтаймын. Ауылдық жерлерге инвестиция тартудың маңызы ерекше. «Аяғөз-Бақ-

ОСАКАРОВ АУДАНЫНДА КІРПІШ ЗАУЫТЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

1,5 млрд теңгеден астам инвестиция, 40 жаңа жұмыс орны және жылына 45 млн кірпіш өндіру — Қарағанды облысының Осакаров ауданында жаңа өнеркәсіптік кәсіпорын іске қосылды. Жоба Қазақстан мен Қытай арасындағы ынтымақтастық аясында жүзеге асырылды.

«Алтын Алқап Қарағанды» ЖШС зауыты жылына 45 млн кірпіш шығаруға есептелген. Мұнда сазды дайындаудан бастап дайын өнімді күйдіруге дейінгі толық өндірістік цикл жолға қойылған. Бір партия өндірістің барлық кезеңінен шамамен сегіз сағатта өтеді.

Зауытты өз шикізатымен қамтамасыз ету үшін инвесторға саз кен орнын игеруге арналған жер учаскесі берілді. Сонымен қатар жаңа өндіріс үшін қажетті инженерлік инфрақұрылым құрылды.

— Жобаға мемлекет тарапынан кешенді қолдау көрсетілді. Кәсіпорынды қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз ету мақсатында Қарағанды облысының әкімдігі бюджет қаражаты есебінен сыртқы электрмен жабдықтау желілерінің құрылысын қаржыландырды, — деді кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының басшысы Асқар Ғазалиев.

Оның айтуынша, кәсіпорынның іске қосылуы мемлекеттік қолдаудың жеке инвестиция тартуға, жаңа өндірістерді дамытуға және оған қажетті жағдай жасауға қалай ықпал ететінін көрсетеді. Жобаның еңбек нарығы үшін де маңызы зор. Қазіргі уақытта зауытта 20 адам жұмыс істейді. Кәсіпорын жобалық қуатына шыққаннан кейін тұрақты жұмыс орындарының саны 40-қа дейін артады.

— Аудан тұрғындары үшін бұл — жаңа жұмысқа орналасуға, кәсіби тұрғыдан өсуге және заманауи өндірістік технологияларды меңгеруге мүмкіндік, — деді Осакаров ауданының әкімі Руслан Нұрмұханбетов.

Инвестор Сай Шуан Гун Осакаровканың тиімді орналасуы өнімді тек Қарағанды облысына ғана емес, Ақмола облысына да жеткізуге мүмкіндік беретінін атап өтті.

— Қолайлы логистиканың арқасында біздің өнім екі өңірдің қажеттілігін бірден өтеуге мүмкіндік береді. Біз құрылыс компанияларымен ұзақ мерзімді ынтымақтастық орнатуға, сапалы өнімді тұрақты шығаруға және өндірісті одан әрі дамытуға ниеттіміз, — деді ол. Кірпіштің алғашқы үлгілері әлеуетті сатып алушылар тарапынан оң бағасын алды.

— Күйдірілмеген кірпіштің өзінен-ақ оның геометриясының тегіс екені көрінеді. Алғашқы өсер бойынша кірпіш тығыз, бұл оның сапасының жақсы екенін көрсетеді, — деді құрылыс компаниясының өкілі Ислам Тасуев.

Кәсіпорын отандық құрылыс материалдарының өндіріс көлемін арттыруға, қосымша жұмыс орындарын ашуға және жергілікті бюджетке түсетін түсімдерді көбейтуге мүмкіндік береді.

ты» теміржолының құрылысы, Алакөл жағалауындағы ауқымды инвестициялық жобалар, Бақты ауылындағы мультимодальды құрғақ порт пен логистикалық парк құрылысының басталуы ауданның экономикалық мүмкіндігін арттырып, тың серпін береді. Бұл дегеніміз – мақаншылықтардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға, жаңа жұмыс орындарының ашылуына және ауданның дамуына үлкен мүмкіндік. Аудан тұрғындары атынан алғыс білдіремін», – деді аудандық ақсақалдар кеңесінің мүшесі Әбен Разуев.

Биыл өңірде агроөнеркәсіптік кешен саласындағы Жол картасы аясында 23,7 млрд теңгеге 6 ірі агрожобалары іске асыру жоспарлануда. Оның ішінде биылғы ақпан айында «Агролидер KAZ» ЖШС бұршақты және майлы дақылдарды қайта өңдеу зауыты іске қосылды. Ағымдағы жылға қайта өңдеу саласы бойынша 8,3 млрд теңгеге – «QAZAQ-ASTYQ GROUP» ЖШС базасында тазартылған (рафинадталған) май өндірісін және 7,7 млрд теңгеге «Eurasia Agro Semeu» ЖШС базасында ірі ет өңдеу зауыттарын іске қосу көзделген.

Жалпы, мемлекеттік бағдарлама аясында 2031 жылға дейін агроөнеркәсіп саласында 90 ірі агрожоба іске қосылады. Бұл ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеуді кеңейтуге, ауылдық жерлердегі кәсіпкерлікті дамытуға және экспорттық әлеуетті арттыруға айтарлықтай серпін береді.

МЕГАПОЛИСТЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ ҚЫЗМЕТІ КӨБЕЙДІ

Мегополисте кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау мүмкіндіктері кеңейтілді. Нақты айтқанда «Іскер Аймақ» бір-ыңғай бағдарламасы аясында мемлекеттік қолдау көрсетілетін экономикалық қызмет түрлерінің тізбесі толықтырылды.

Енді кәсіпкерлер төмендегі қызмет түрлері бойынша да жеңілдетілген қаржыландыру және мемлекеттік қолдау шараларын пайдалана алады;

- полиграфиялық қызметтер; жүк көлігінің қызметі және көшіру қызметтері;
- жүктерді қоймалау және сақтау;
- компьютерлік бағдарлама-лау, консультациялық және ілеспе қызметтер;
- мектепке дейінгі білім беру; аурухана ұйымдарының қызметі.

Бұл өзгерістер кәсіпкерлерге өз жобаларын дамытуға, өндіріс пен қызмет көрсету аясын кеңейтуге және мемлекеттік қолдау құралдарын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Қолдау көрсетілетін экономикалық қызмет түрлерінің толық тізімімен танысып, бағдарламаға қатысу шарттары бойынша қосымша ақпаратты «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-нан алуға болады.



Енгізілген өзгерістер биылғы жылдың наурыз айында күшіне енген «Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» Заңның нормаларына сәйкестендіруге бағытталған. Негізгі мақсат – бизнес үшін рәсімдерді түсінікті ету, өкімшілік кедергілерді азайту және бюджет қаражатының тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету, деп хабарлайды ҚР Туризм және спорт министрлігі.

Kids Go Free бағдарламасы: туроператорлар ұсынатын қызметтердің сапасын арттыру мақсатында туристік өнімге қойылатын талаптар нақтыланды. Туристік өнімді ішкі туризм саласында қызмет көрсететін туроператор қалыптастыруы, оған баланың экономик-класс бойынша екі бағыттағы әуе тасымалы енгізілуі және кемінде екі түн қонақүйде орналастыру қарастырылуға

тиіс. Сонымен қатар турдың төленгенін және баланы алып жүретін адамның туыстық қатынасын растайтын құжаттарды ұсыну міндеттеледі.

Кіру туризмі саласындағы туроператорларға берілетін субсидиялар: елге келетін туристерден түсетін экономикалық тиімділікті арттыру мақсатында субсидия алу үшін шетелдік туристің Қазақстанда болу мерзімі кемінде алты түн болып белгіленді. Бұл халықаралық тәжірибеге сәйкес келеді және бюджет қаражатын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Айта кету керек, бұған дейін қолданыста болған талап пандемиядан кейінгі кезеңде кіру туризмін қолдау мақсатында енгізілген болатын. Бүгінде елімізге келетін шетелдік туристер ағыны толық қалпына келіп қана қоймай, 2019 жылғы көрсеткіштен де асты. Осыған байланысты мемлекеттік қолдау ұзақ мерзімді сапарларды ынталандыруға бағытталады. Туроператорларға төленетін субсидия көлемі бұрынғыдай әр турист үшін 15 мың теңге деңгейінде сақталды. Бұл өңірлерде шетелдік туристердің тұруға, тамақтануға, экскурсиялар мен өзге де қызметтерге жұмсайтын шығындарының артуына ықпал етеді деп күтілуде.

Санитариялық-гигиеналық тораптар: санитариялық-гигиеналық тораптардың сапалы жұмысын қамтамасыз ету үшін субсидияланатын шығыстардың нақты тізбесі айқындалды. Оған тазалау, дезинфекциялау, коммуналдық қызметтер, сумен жабдықтау, жарықтандыру, қалдықтарды шығару және пайдалану шығындары кіреді. Субсидия мөлшері бұрынғыдай айына 83,3 мың теңге көлемінде сақталды. Сонымен қатар нысандардың нақты жұмысын бақылау күшейтіліп, тексерулер жүргізу, фото және бейнетіркеу, сондай-ақ тұрақты мониторинг жасау көзделген.

Инфрақұрылымдық жобалар: туристік инфрақұрылымды мемлекеттік қолдаудың қолданыстағы шаралары сақталды. Мемлекет тау шаңғысы курорттарына арналған жабдықтар мен техниканың құнының 25%-ын, туристік автобустардың құнының 25%-ын, сондай-ақ жол бойындағы сервис нысандарын, визит-орталықтар мен туристерді орналастыру орындарын салуға жұмсалған шығындардың 10%-ын өтеуді жалғастырады. Сонымен қатар қолдау көрсетілетін нысандар мен жабдықтардың тізбесі жүйеленіп, құжаттарға қойылатын талаптар,

өтінімдерді қарау мерзімдері және шешім қабылдау тәртібі нақтыланды. Бұл мемлекеттік қолдау тетіктерінің ашықтығын арттырып, бизнес үшін рәсімдерді түсінікті етеді.

Басым туристік аумақтар: басым туристік аумақтарды айқындау жөніндегі өкілеттіктер өңірлік деңгейге берілді. Енді жергілікті атқарушы органдар мұндай аумақтарды өздері белгілеп, олардың шекарасын айқындай алады және әр өңірдің туристік әлеуетін ескере отырып шешім қабылдайды. Бұл туристік әлеуеті жоғары аумақтарды жедел дамытуға және олардың ерекшеліктерін тиімді ескеруге мүмкіндік береді.

Қабылданған өзгерістер туризмді мемлекеттік қолдаудың тиімді әрі ашық жүйесін қалыптастыруға бағытталған. Олар бір жағынан бизнес үшін рәсімдерді жеңілдетсе, екінші жағынан бюджет қаражатының мақсатты әрі тиімді пайдаланылуына бақылауды күшейтеді. Өзгерістерді өзірлеу барысында СЖТС нәтижелері (сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау), құқық қолдану тәжірибесі, сондай-ақ бизнес қауымдастығы мен жергілікті атқарушы органдардың ұсыныстары ескерілді.

«ҚАЗАҚСТАНДА ЖАСАЛҒАН» ҰЛТТЫҚ БРЕНДІ ТОПЫҚТЫРЫЛУДА

Қазақстандық ғалымдардың ғылыми зерттеулері негізінде әзірленген өнімдер «Қазақстанда жасалған» ұлттық брендінің дамуына үлес қосып келеді. Бүгінде білім беру, экологиялық қауіпсіздік, агро-өнеркәсіп, тағам өндірісі және құрылыс салаларында қолданылып жүрген отандық технологиялар ғылыми қызмет нәтижелерінің экономикаға енгізіліп жатқанын көрсетеді, деп хабарлайды ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетіне қарасты «Ғылым қоры» АҚ ғылыми қызмет нәтижелерін коммерцияландыруды жүйелі түрде қолдап келеді. Гранттық қаржыландырудың арқасында көптеген ғылыми өзірлемелер зертханалық кезеңнен өндірістік деңгейге өтіп, нарыққа шығарылған өнімге айналды.

Солардың бірі – Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті ғалымдарының әзірлеген «Сауатты бала» және «Дыбыстар әлемі» қазақ тіліндегі мобильді қосымшалары. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған бұл цифрлық өнімдер сөйлеу дағдыларын дамытуға, дыбыстарды дұрыс айтуға және танымдық қабілеттерді жетілдіруге көмектеседі. Қосымшалар App Store және Google Play платформаларында қолжетімді.

Экологиялық қауіпсіздік саласында С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің ғалымдары мо-

дификацияланған көміртекті материалдар мен графен оксиді негізінде су сүзгілеу жүйесін әзірледі. Технология композитті сорбенттерді пайдалану арқылы ауыз суды тиімді тазартуға мүмкіндік береді. Сүзгілер жоғары тазарту деңгейімен, бірнеше рет қолдануға жарамдылығымен және механикалық беріктігімен ерекшеленеді. Әзірleme тұрғын үйлерде, білім беру ұйымдарында және басқа да әлеуметтік нысандарда қауіпсіз ауыз суға қолжетімділікті арттыруға бағытталған.

Агроөнеркәсіп саласында қазақстандық ғалымдардың AI Karal биоорганикалық азықтық қоспасы өндіріске енгізіліп жатыр. Леонардиттен алынатын гуминді және фульвоқышқылдары жоғары бұл өнім ауыл шаруашылығы жануарлары мен құстарының иммунитетін нығайтып, ас қорыту жүйесінің жұмысын жақсартады. Сонымен қатар мал мен құстың өнімділігін арттыруға және шығынын азайтуға ықпал етеді. Отандық өзірleme импорттық өнімдерге тәуелділікті төмендетуге және агроөнеркәсіп кешенінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Тамақ өнеркәсібінде түйе сүтінен өндірілетін арнайы мақсаттағы сүт өнімдерінің жаңа түрлері технологиясын әзірледі.

Оның негізінде пастерленген түйе сүті, пробиотикалық йогурт, сүзбе массасы және ірімшік өндіріледі. Бұл өнімдер лактозаға төзімсіздігі бар адамдарға, сиыр сүтіне аллергия-

сы бар тұтынушыларға, сондай-ақ дұрыс тамақтануды ұстанатын және қант диабетімен өмір сүретін азаматтарға арналған. Жоба функционалдық тағамдар өндірісін дамытуға, импортты алмастыруға және қазақстандық өнімдердің экспорттық әлеуетін кеңейтуге мүмкіндік береді.

Құрылыс саласында PhD докторы, профессор Руслан Нұрлыбаев жетекшілік ететін ғылыми топ өндірістік қалдықтарды қайта өңдеу арқылы құрғақ құрылыс қоспаларын шығару технологиясын әзірледі. Осы технология негізінде Алматы қаласында жылына 20 мың тонна өнім өндіретін өндіріс іске қосылды. Бүгінде бұл өнімдер құрылыс саласында қолданылып, өндірістік қалдықтарды тиімді пайдалануға және отандық құрылыс материалдары өндірісін дамытуға ықпал етеді.

Бұл жобалар «Қазақстанда жасалған» белгісі бүгінде тек өндірілген тауардың шыққан елін ғана емес, қазақстандық ғылымның, инженерлік шешімдердің және инновациялық технологиялардың нәтижесін де білдіретінін көрсетеді.

Қазіргі уақытта «Ғылым қоры» АҚ қолдауымен ғылыми қызмет нәтижелерін коммерцияландыру бағытында 205 жоба жүзеге асырылуда. Бұл жұмыстар ғылымды экономиканың нақты секторымен ұштастыруға, жоғары технологиялық өндірістерді дамытуға және қазақстандық өнімдердің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді.

ЦИФРЛАНДЫРУ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК АЛУДЫ ЖЕҢІЛДЕТТІ

Бүгінде миллиондаған қазақстандық денсаулық сақтау саласындағы цифрлық сервистерді пайдаланып келеді. Электрондық медициналық анықтамалар, дәрігердің қабылдауына онлайн жазылу және заманауи цифрлық шешімдер медициналық көмекті алу процесін азаматтар үшін ыңғайлы, жылдам әрі қолжетімді етуде. 2025 жылы Қазақстанның денсаулық сақтау жүйесінде 215 миллионнан астам медициналық қызмет көрсетілді. Оның ішінде 190,8 миллионы немесе 88,6%-ы электрондық форматта ұсынылды, деп хабарлайды ҚР Денсаулық сақтау министрлігі.

Цифрландырудың маңызды нәтижелерінің бірі медициналық құжаттарды электрондық форматқа көшіру болды. Қазіргі таңда медициналық анықтамалардың 12 түрі цифрландырылды, оның бесеуі тек онлайн рәсімделеді. 2025 жылы азаматтарға 8,5 миллионнан астам электрондық медициналық анықтама берілді. Бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 2,2 есе көп.

Ел тұрғындары дәрігердің қабылдауына цифрлық сервистер арқылы жазылу мүмкіндігін барған сайын жиі пайдалануда. 2025 жылы онлайн жазылу қызметін 5,6 млн азамат қолданды. Бұл мамандардың қабылдауын тіркеу бөліміне жүгінбей-ақ алдын ала жоспарлауға мүмкіндік береді. Цифрлық шешімдер маңыз-

ды диагностикалық зерттеулерді күту мерзімін де қысқартуға ықпал етуде. Мәселен, ПЭТ/КТ зерттеуін күту уақыты үш айдан екі аптаға дейін қысқарды.

Цифрлық денсаулық сақтауды дамытудың келесі кезеңі денсаулыққа төнетін қауіптерді ерте анықтау мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталады. 2026 жылдан бастап халықтың негізгі топтарын цифрлық сүйемелдеуді қамтамасыз ету жоспарланып отыр. Олардың қатарында 18 жасқа дейінгі 7 миллионнан астам бала, репродуктивтік жастағы шамамен 5 миллион әйел және 400 мың жүкті әйел бар. Бұл ықтимал қауіп-қатерлерді уақтылы анықтауға, профилактикалық жұмысты күшейтуге және медициналық бақылаудың сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Алдағы уақытта онлайн брондау қағидаты бойынша дәрігерлердің бірыңғай қабылдау кестесін, e-Health порталын және азаматтарға, медицина қызметкерлері мен медициналық ұйымдарға арналған мобильдік қосымшаны іске қосу жоспарлануда. Сонымен қатар кері байланыс тетіктері мен медициналық қызметтің нақты көрсетілгенін растау құралдары одан әрі дамытылады.

Бұдан бөлек, медициналық анықтамаларды толықтай цифрлық форматқа көшіру жұмыстары жалғасады.

АККРЕДИТТЕУ ЦИФРЛАНДЫРЫЛУДА

Қазақстандағы зертханалар, сертификаттау және инспекциялық ұйымдар міндетті бағалаудың бір бөлігін қашықтан өте бастады. ҚР СИМ ТКРМ Ұлттық аккредиттеу орталығы 32 қашықтан бағалау жүргізіп, цифрлық формат процедуралардың жоғары деңгейдегі объективтілігін, тәуелсіздігін және сапасын сақтауға мүмкіндік берінін дәлелдеді.

Қашықтан бағалауға өту ұлттық аккредиттеу жүйесін цифровизациялаудың кезекті кезеңі болды. Жаңа

механизм бизнес үшін уақыт пен ұйымдастырушылық шығындарды азайтады, өкімшілік жүктемені төмендетеді және мемлекеттік ресурстарды тиімдірек пайдалануға ықпал етеді. Бұл ретте аккредиттеудің тәуелсіздік, құзыреттілік және нәтижелердің шынайылығы сияқты негізгі қағидаттары өзгеріссіз қалады.

Сарапшылар атап өткендей, 2026 жылы қашықтан бағалау екінші жос-

парлы бағалау кезінде пилоттық режимде жүргізіледі. Ал 2027 жылы Ұлттық аккредиттеу орталығы бұл тәжірибені кеңейтіп, қашықтан бағалау форматын барлық жоспарлы бағалауларға таратуды жоспарлап отыр.

Сонымен қатар, бағалауды қашықтық форматында жүргізу міндетті болып табылмайды. Мұндай механизм белгіленген критерийлерге сәйкес келетін және қашықтан өзара әрекеттесу үшін

қажетті техникалық мүмкіндіктері бар аккредиттеу субъектілеріне қатысты ғана қолданылады.

Жаңа форматты енгізу үшін Орталық әдістемелік құжаттар топтамасын әзірледі, оның ішінде «Қашықтан бағалау» жұмыс нұсқаулығы, бағалаушыларға арналған ұсынымдар және аккредиттеу субъектілеріне арналған кері байланыс сауалнамасы бар. Сондай-ақ іс-тәжірибе мен процесс қатысушыларының кері байланысын ескере отырып, механизмді жетілдіруге мүмкіндік береді.



Открылось наследство

*** Открылось наследство после смерти гр. Шарасулова Шаюсуна Шасадыковича, умершего 23.06.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Мадалиевой М.У. г.Шымкент ул. Аскарова 3-26. Тел.: 8 777 919 25 77;

*** Открылось наследство после смерти гр. Хамидовой Бусалимы Тураевны, умершей 25.02.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Ирисметову Д.Б. г.Шымкент ул.Калдаякова 8-7. Тел.: 8 776 223 64 50;

*** Открылось наследство после смерти гр. Балабековой Гульжана Асханбековны, умершей 07.04.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Бейсе Ш.Д. г.Шымкент мкр. 16 дом 43 а-77. Тел.: 8 701 373 41 15;

*** Открылось наследство после смерти гр. Калпаксиди Элеоноры Анастиевны, умершей 13.05.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Абишевой Ч.А. г.Шымкент ул. Уалиханова 219-41. Тел.: 8 777 887 47 77;

*** Открылось наследство после смерти гр. Карполенко Владимира Анатольевича, умершего 21.07.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Абишевой Ч.А. г.Шымкент ул.Уалиханова 219. Тел.: 8 777 887-47-77;

*** Открылось наследство после смерти гр. Жунусбекова Каржаубая Есеновича, умершего 23.04.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г.Шымкент ул.Мадели кожа 1 Г. Тел.: 8 705 682 20 75;

*** Открылось наследство после смерти гр. Ильченко Галины Петровны, умершей 06.02.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Бабаевой Л.К. г.Шымкент ул.Желтоқсан 20 Б. каб.111;

*** Открылось наследство после смерти гр. Мергенбаевой Куназа Кулбаевны, умершей 24.09.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Жумабековой Э.Б. г.Шымкент ул.Рыскулова 80. Тел.: 8 707 848 38 58;

*** Открылось наследство после смерти гр. Мергенбаева Кулбая Турсынбековича, умершего 05.08.2014 г. Наследникам обращаться к нотариусу Жумабековой Э.Б. г.Шымкент ул.Рыскулова 80. Тел.: 8 707 848 38 58;

*** Открылось наследство после смерти гр. Мергенбаевой Улбике, умершей 29.07.2021 г. Наследникам обращаться к нотариусу Жумабековой Э.Б. г.Шымкент ул.Рыскулова 80 Тел.: 8 707 848 38 58;

*** Открылось наследство после смерти гр. Щербатовой Валентины Николаевны, умершей 07.07.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Бабаевой Л.К. г.Шымкент ул.Желтоқсан 20 б. каб.111;

*** Открылось наследство после смерти гр. Оналбаевой Кулаша, умершей 20.06.2026 г. Наследникам обращаться к

нотариусу Жумабековой Э.Б. г.Шымкент ул.Рыскулова 80. Тел.: 8 707 848 38 58;

*** Открылось наследство после смерти гр. Турсунбаева Рустамбека Игамбердиевича, умершего 19.04.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Кемеловой А.С. г.Шымкент ул. Рыскулбекова 5/5. Тел.: 8 701 716 27 81;

*** Открылось наследство после смерти гр. Балгабекова Кайрата Джаксыбековича, умершего 17.12.2025 г. Наследникам обращаться к нотариусу Мешитбаевой З.Д. г.Шымкент ул.Мадели кожа 1 Г. Тел.: 8 771 383 43 47;

*** Открылось наследство после смерти гр. Бабкиной Раисы Андреевны, умершей 16.02.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Накиповой А.Ш. г.Шымкент ул. Толеби 39. Тел.: 8 778 591 80 98;

*** Открылось наследство после смерти гр. Кабылбекова Тенелхана Жакыпбековича, умершего 11.02.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Бурабай А.К. Туркестан.обл. с.Рыскулова ул.Рыскулова 290. Тел.: 8 708 824 79 95.

*** Открылось наследство после смерти гр. Рысбекова Сапарали Турдиевича, умершего 14.02.2024 г. Наследникам обращаться к нотариусу Мырзакелдиевой А.Т. г.Шымкент пр.Республики 27/24. Тел.: 8 708 321 87 98.

*** Открылось наследство после смерти гр. Мирзабаевой Сании Басагараевны, умершей 02.06.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Жанибек М.М. г.Шымкент ул.Байтурсынова 10. Тел.: 8 707 201 81 78;

*** Открылось наследство после смерти гр. Брикоткиной Нины Алексеевны, умершей 28.06.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Абишевой Ч.А. г.Шымкент ул.Уалиханова 219-41. Тел.: 8 777 887 47 77;

*** Открылось наследство после смерти гр. Куатбаева Амана, умершего 23.01.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Бейсебаеву Р.Р. г.Шымкент ул.Мадели кожа 1 Г. Тел.: 8 701 751 80 77.

*** Открылось наследство после смерти гр. Кемилова Мухтара Сундетовича, умершего 30.01.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г.Шымкент ул.Мадели кожа 1 Г. Тел.: 8 705 682 20 75;

*** Открылось наследство после смерти гр. Матус Владимира Ивановича, умершего 22.07.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Айнабаевой С. г.Шымкент ул. Сайрамская 235/1 Тел.: 8 705 285 07 08;

*** Открылось наследство после смерти гр. Толыбаева Алпысбая Жанадиловича, умершего 01.03.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Ескерову Т. г.Шымкент ул. Абая 11. Тел.: 8 701 505 88 98;

*** Открылось наследство после смерти гр. Турдиниязовой Бибинияза Иргешевны, умершей 01.05.2024 г. Наследникам

обращаться к нотариусу Омарову К.А. г.Шымкент Самал 3 ул.Саттарханова 66. Тел.: 8 701 643 69 79;

*** Открылось наследство после смерти гр. Таласовой Анны Ивановны, умершей 25.07.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Сулеймен С.У. г.Шымкент мкр. Отырар дом 59-26. Тел.: 8 778 402 83 83.

*** Открылось наследство после смерти гр. Карпиковой Зауре Куралбековны, умершей 30.07.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г.Шымкент ул.Мадели кожа 1 Г. Тел.: 8 705 682 20 75;

*** Открылось наследство после смерти гр. Соколова Геннадия Васильевича, умершего 27.06.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Битемир А. Туркестан.обл. г.Ленгер. ул. Толеби 228. Тел.: 8 775 255 22 25;

*** Открылось наследство после смерти гр. Бекбулатова Гуламжана Досполатовича, умершего 15.05.2014 г. Наследникам обращаться к нотариусу Жандарбековой Н.Ж. г.Шымкент ул.Дулати 203/А. Тел.: 8 705 410 09 24;

*** Открылось наследство после смерти гр. Турсуновой Гульнисы Зиялхановны, умершей 01.03.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Мешитбаевой З.Д. г.Шымкент ул.Мадели кожа 1 Г. Тел.: 8 771 383 43 47;

*** Открылось наследство после смерти гр. Медведевой Ирины Васильевны, умершей 25.01.2002г. Наследникам обращаться к нотариусу Жалгасовой Ж.Н. г.Шымкент ул. Дулати 27. Тел.: 8 701 747 62 87;

*** Открылось наследство после смерти гр. Бейсебаевой Мадины Бозтаевны, умершей 16.02.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Мамыковой Н.Т. г.Шымкент пр.Республики 27/12. Тел.: 8 702 999 27 79;

*** Открылось наследство после смерти гр. Столбовой Анатолія Ивановича, умершего 21.02.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Салибековой А.Т. г.Шымкент ул.Рыскулова 30 А.

*** Открылось наследство после смерти гр. Омарова Акана Меирбаевича, умершего 06.03.2014 г. Наследникам обращаться к нотариусу Байсалбаевой М.В. г.Шымкент пр.Б.Момышулы №25. Тел.: 8 702 350-45-43;

*** Открылось наследство после смерти гр. Омаровой Катипы Макожановны, умершей 15.08.2014 г. Наследникам обращаться к нотариусу Байсалбаевой М.В. г.Шымкент пр.Б.Момышулы №25. Тел.: 8 702 350-45-43;

*** Открылось наследство после смерти гр. Орашевой Ж а н и х а н а , у м е р ш е й 23.05.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Досымбековой Т.В. г.Шымкент, ул.Иляева, №4/81. Тел.: 8 701 727-45-71;

Жарамсыз деп танылсын

*** 1998ж. туылған Аширов Шах Фарходович атына тіркелген, Шымкент қаласы Байтұрсынов көшесі 65 үй 33 пәтердің сату-сатып алу келісім шарты және тех паспортының жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Утеранный документ ИП”Алиев” ИИН 660520301319, иностранный бланк для перевозки грузов Беларусь 3 страна №6215434 считать недействительными.

Ликвидация

*** ТОО”Consalt Retail “(Консалт Ритейл) объявляет о своей ликвидации БИН 230440033939, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Шымкент ул.Байтурсынова 74/4.

*** ТОО”Нұр Құрылыс №1”

объявляет о своей ликвидации БИН 221040009497, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Шымкент ул. Казиева дом 125.

*** ТОО”Юг-Электро Трейд” объявляет о своей ликвидации БИН 170740020181, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Шымкент мкр.8 дом 13 кв.83.

АРНАЙЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АЙМАҚТЫҢ АУМАҒЫНА ӨТКІЗІЛЕТІН ТАУАРЛАРҒА САЛЫҚ САЛУ

АЭА қатысушылары ҚР СК 734 бабына сәйкес, салық органының аумақтық бөлімшесінде салық төлеуші ретінде тіркелген, АЭА аумағы шегінен тыс жерлерде филиалдары және басқа да оқшауланған құрылымдық бөлімшелері жоқ, АЭА аймақты құру мақсаттарына сәйкес келетін қызметтің басым түрін жүзеге асыратын заңды тұлғалар болып табылады. Сонымен қатар, АЭА қатысушысы бола алмайтындар жер қойнауын пайдаланушылар, акцизделетін тауарларды өндіретін ұйымдар, арнаулы салық режимдерін қолданатын ұйымдар, пайдалы қатты қазбаларды өңдеу туралы келісім жасасқан ұйымдар, ойын бизнесі саласындағы қызметті жүзеге асыратын ұйымдар.

ҚР СК 470 АЭА құру мақсаттарына сай келетін қызметті жүзеге асыру кезінде АЭА қатысушысы уәкілетті органмен бекітілген тауарлар тізбесіне сәйкес тауарларды жабдықтаушылардан алған кезде АЭА аумағына өткізуге қосылған құн салығы о мөлшерлемемен ала алады. Сонымен қатар ҚР СК 503-бабына сәйкес ҚҚС мөлшерлемесін қолдануға құқығы бар, яғни 16 пайызбен алса да болады. Жабдықтаушы егер 470 бапты негізге алып о мөлшерлемен берсе, ондай жағдайда жабдықтаушы ол соманы өзіне есепке жатқызып, оны бюджеттен қайтарып алады.

АЭА қатысушылары ҚР СК 735 бабына сәйкес КТС, жер, мүлік, жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақыдан босатылады. Сонымен қатар ҚҚС бойынша импорт, экспорттан босатылады. Өнімді Қазақстанға шығарғанда ғана 16 пайыз ҚҚС төлейді.

Г.ШПЕКОВА,

Еңбекші ауданы бойынша МКБ-ның бас маманы.

ШЫМКЕНТТІК ПАЛУАН ЭЛЕМ ЧЕМПИОНЫ АТАНДЫ

Өзербайжанның Баку қаласында 17 жасқа дейінгі жасөспірімдер арасында өткен күрес турлерінен әлем чемпионаты өз мәресіне жетті. Әлемнің 60-тан астам елінен келген 700-ге жуық жас палуан бақ сынаған дүбірлі додада Қазақстан құрамасы толық құраммен өнер көрсетті.

Чемпионаттың шымылдығын грек-рим күресінің шеберлері ашты. Жарыстың алғашқы күнінде-ақ шымкенттік палуан Дияр Аманәлі тамаша өнерімен барлық қарсыласын айқын басымдықпен жеңіп, әлем чемпионы атанды. Бұл ел қоржынына түскен тарихи алтын жүлделердің бірі болды.

Ал чемпионаттың соңғы күнінде еркін күрес шеберлері белдесулерін аяқтады. Бұл сында жерлесіміз Мардан Орынбасар жоғары шеберлік танытып, қола

жүлдені жеңіп алды.

Осылайша, Қазақстан құрамасы сапында сынға түскен шымкенттік қос палуан әлем чемпионатын жүлдемен аяқтап, халықаралық аренада ел абыройын асқақтатты.



АЙҒАҚ

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде, Ақпарат және мұрағат коми-тетінде 2010 жылдың 5 қаңтарыда есепке қойылып, №10617-Г тіркеу куәлігі берілген.

Құрылтайшысы және меншік иесі «Айғақ»Медиа» ЖШС

Ұлжан КАСЫМЖАНҚЫЗЫ НАУШАБАЕВА - Бас редактор	РЕДАКЦИЯНЫ МЕКЕНЖАЙЫ: 160000, Шымкент қаласы, Ф. Іляев көшесі, 29. E-mail: aigak@mail.ru www.aigak.kz
Арайлым ӘБСАҒАТ - журналист	Жандос САҒЫНДЫҚОВ - Безендіруші Мұхтар СЕРІКБАЕВ - Тарату бөлімі Ұлжас Сағындықова - Жарнама

Мақаланың жариялану аясы толған.

Журналистер: 8 (7252) 30-10-86,
Жарнама бөлімі тел: 8 (7252) 21-34-30,
Қаржы бөлімі тел: 8 (7252) 21-06-34
Газетті тарату және жеткізу қызметі: 8 778 777 34 62

Газет тарайтын облыстар мен қалалар:

Астана, Ақмола, Алматы, Атырау, Ақтөбе, Ақтау, Ақсай, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облысы, Жамбыл, Қызылорда, Қостанай, Көкшетау, Семей, Павлодар, Талдықорған, Қарағанды, Теміртау, Шымкент.

Жазылу индексі

65836

16+

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, «M-press» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, 18.

Нөмірдің кезекші редакторы - Әлия ҚҰРАЛБЕК

Редакция авторлар мақаласы мен көзқарасына, жарнама мазмұнына жауап бермейді. Автор қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды. Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.

«Айғақта» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«КАС-бетон» ЖШС-гі «Түркістан облысы, Түлкібас ауданы, Балықты а. о, 072 кв-л, 15 участок мекенжайы бойынша орналасқан әктас өңдеуге арналған ұсақтау және іріктеу зауыты үшін» «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Өтетін орны: Түркістан об-ы, Түлкібас ау-ы, Састөбе ау-ы, Састөбе а.о, көше К.Тұрысбеков 35, өкімдік ғимараты, акт залы.

Өтетін күні мен уақыты: 2026 жылғы 16 қыркүйек сағат 11:00-де.

Әсер ету аймағының гео-лық коо-ры 42қ31'33" с.ш. и 70қ01'21".

Жобалық құжаттама пакетімен қДБ ақпараттық жүйесінде [ndbecology.gov.kz](https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar), сондай-ақ сілтеме МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar> сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар қДБ ақпараттық жүйесінде [ndbecology.gov.kz](https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar) болады, сондай-ақ, қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады. Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Zoom кездесуіне қосылу

<https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a100a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

Жеке конференция идентификаторы: 616 540 8596

Кіру коды: 123456

Қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады тапсырыс беруші: ЖШС «КАС-бетон», Түркістан об-ы, Түлкібас ау-ы, Келтемашат а-ы, 072 орам, 017 участок, kasbeton-karakus@mail.ru, сым. 87767291717, БСН 080240014308.

Қоршаған ортаны қорғау бөлімін жобалаушысы ЖК Ақылбекова Г.К, gulnaz.akylbekova91@mail.ru. ЖСН 911105401682, Шымкент қ, Достық м/а, Алаша хан кө-і 11, сым.87781524535.

Мүдделі жұртшылық қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша жазбаша немесе электрондық нысанда “Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы” ММ-не мына мекенжай бойынша өз ескертулері мен ұсыныстарын жібере алады: Түркістан қ., Жаңа қала ш.а. 32 көшесі, 20, a.erkebai@ontustik.gov.kz, тел.: 87253359845.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «КАС-бетон» объявляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по проекту нормативов допустимых выбросов для дробильно-сортировочного комплекса по переработке известняка, размещаемого по адресу: Туркестанская об-ь, Тюлькубасский ра-н, Балыктинский с.о., 072 кв-л, 15 уч.

Место проведения: Туркестанская об-ть, Тюлькубасский р-н, с.о. Састобе, пос-к Састобе, ул. К.Тұрысбеков, строение 35, здания акимата, актовый зал.

Дата и время проведения: 16.09.2026 г., ч.11:00. Территория воздействия 42қ31'33" с.ш. и 70қ01'21" в.д.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на информационной системе НБД <https://ndbecology.gov.kz/>, а также сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar>. Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний. В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Подключиться к конференции

<https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a100a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

Идентификатор конференции: 616 540 8596

Код доступа: 123456

Дополнительную информацию можно получить по адресу Заказчик ТОО «КАС-бетон», Туркестанская обл., Тюлькубасский ра-н, с.Кельтемашат, кв-л 072, уч. 017, kasbeton-karakus@mail.ru, 87767291717, БИН 080240014308.

Проектная организация ИП Ақылбекова Г.К, gulnaz.akylbekova91@mail.ru. ИИН 911105401682, г.Шымкент, мкр Достық, ул.Алаша хан 11, моб.87781524535.

Общественность и заинтересованная общественность может направить свои замечания и предложения в письменной или электронной форме по документам в ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области» по следующим адресам: г.Туркестан мкр.Новый город, ул-ца 32, 20, a.erkebai@ontustik.gov.kz, тел.: 87253359845.

ЙОД ЖЕТІСПЕУШІЛІК АДАМНЫҢ ҚАЛЫПТЫ ӨСУІНЕ КЕДЕРГІ КЕЛТІРЕДІ

Дұрыс тамақтану - физикалық және ақыл-ойдың дұрыс дамуы мен халық денсаулығын нығайтатын, балалардың дұрыс өсуін қамтамасыз ететін, жұмысқа қабілеттілікті арттыратын негізгі факторлардың бірі. Денсаулық сақтау саласының мамандары да құнарлы өнімді тұтыну елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына тікелей байланысты екендігін алға тартады. Әрине, әрбір адам өз денсаулығына жауапты екендігі белгілі. Сондықтан нәрсіз, денсаулыққа зиян және құнарсыз тағамдардан бас тартып, салауаттылық негіздеріне мықтап сүйенген жөн. Себебі қандай да бір дәрумен немесе минералдық заттар жетіспеушілігі адамның қалыпты өсуі мен дамуына кедергі болады. Соның бірі - йод.

Адам организміне тағам мен судан түсетін қажетті йод мөлшерінің жетіспеуі йод жетіспеушілік аурулары мен бұзылушылықтарына әкеліп соғады.

Йод жетіспеушілігі ауруларының мәселесі әлемдік денсаулық сақтау саласында маңыздыларының бірі болып саналады. Себебі йод тапшылығының басқа аурулардан зардабы еш кем емес. Денсаулығы қалыпты адам бір күнде 150 микрограмм йод тұтынуы қажет. Бұл қажеттілік өтелмесе, адам ағзасы түрлі ауруға шалдығады. Йод жетіспеушілігі иммунитеттің әлсіреуін тудырып, ағзаның түрлі инфекцияларға қарсы тұру қабілетін төмендетеді.

Барлық аймақтарда қалқанша безінің эндемиялық ұлғаюы (эндемиялық жемсау) ұл балаларға

қарағанда, қыз балаларда көбірек кездеседі (45%-50%), эндемиялық жемсау 6-7 жастан басталып пубертаттық жаста барынша жоғары көрсеткішке жетеді.

Балалардағы йод жетіспеушілігі салдарынан бала ақыл-ойының артта қалуындағы әлсіз көріністерден критинизмге дейін жетеді, көңіл күйінің тұрақсыздығы, депрессия болуы мүмкін, әлсіздік, ұмытшақтық, есте сақтау қабілетінің төмендеуі, оқушылар зейіні шоғырлануының төмендеуі, сабақтың аяғына дейін отыра алмауы байқалады. Содан барып жүйке жүйесімен қоса барлық ағза зардап шегеді.

Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымының мәлімдемесі бойынша, балалардың ақыл-ойының артта қалуы йод тапшылығынан болады, бұл алдын алуға болатын интеллектуалды жетіспеушіліктің жалғыз түрі. Йод тапшылығын жоюға кететін шығынды есепке ала отырып, жаңа туған баланың ақыл-ойының артта қалуын емдеушілікті қылмыс деп есептеуге болады.

Бұл тапсырманың тиімді шешілуі барлық мамандықтағы дәрігерлердің бірігуін талап етеді. Әрбір дәрігер өз пациенттеріне (оның отбасы мүшелеріне) йод тапшылығының алдын алу мақсатында керекті препараттарды қолдануға кеңес бергені жөн. Осы мақсатта белгілі препарат – йодид, йодомарин 100, 200. Қалқанша безінің патологиясына күдіктенген жағдайда дер кезінде эндокринологтан кеңес алу қажет.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«UNA-SMELT» ЖШС “Шымкент қаласы, Еңбекші ауданы, Қапал батыр көшесі, Өндіріс аумағы, 116/1 ғимарат, №45 корпус мекенжайы бойынша түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарынан мыс және болат қорытпаларын өндіру цехы» жобасы бойынша ІІ санаттағы объектіге әсер етуге рұқсат алу үшін материалдар бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Тыңдау 2026 жылғы 18 қыркүйек сағат 11:00-де Шымкент қаласы, Еңбекші ауданы, Қапал батыр көшесі, Өндіріс аумағы, 116/1 ғимарат мекенжайы бойынша өтеді. Zoom сілтемесі:

<https://us05web.zoom.us/j/88266893587?pwd=2OcHBv9f6qY1fvFtJxGyzQ4w1U7ZCo.1>

Конференция идентификаторы: 882 6689 3587, Кіру коды: 9nNAom.

Әсер ету аумағы: 42қ27'71.37"С, 69қ73'27.49"В

Жоба бойынша құжаттама келесі сайттарда орналастырылған: <https://hearings.ndbecology.gov.kz> және «Шымкент қаласының қалалық жайлы ортаны дамыту басқармасы» ММ сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/shymkent-tabigi-resurstar/activities/directions?lang=ru> “Қоғамдық тыңдаулар” бөлімінде танысуға болады. Жұртшылық ұсыныстар мен ескертпелерді электронды түрде мына мекен-жайға жіберуіне болады: g.ermekbaeva@shymkent.gov.kz, қағаз түрінде: Шымкент қаласы, Тауке хан даңғылы, 6, тел. +7 (7252) 53-02-75. Сондай-ақ <https://ndbecology.gov.kz/> порталына жібере алады. Жоспарланған қызмет бастамашысының деректемелері мен байланыс деректері: «UNA-SMELT» ЖШС, БСН: 260740012437, заңды мекенжайы: Шымкент қаласы, Еңбекші ауданы, Қапал батыр көшесі, Өндіріс аумағы, 116/1, 45 құрылыс, жетекшісі: Дәут Асаділлә Садықұлы, Тел: +7 701 236 2211. Құжаттаманы өзірлеушінің атауы және байланыс деректері: «Каз Гранд Эко Проект» ЖШС, тел. 8(775)3245005 Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі 20 б. БСН 111040001588. Қосымша ақпаратты мына жерден алуға болады: 87753245005, sholpik@mail.ru

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «UNA-SMELT» проводит общественные слушания по материалам для получения Разрешения на воздействие для объекта ІІ категории по проекту «Цех по производству медных и стальных сплавов из лома и отходов цветных и черных металлов по адресу: г.Шымкент, Енбекшинский район, ул.Капал батыра, территория Ондиристик, здание 116/1, корпус №45».

Слушания состоятся 18 сентября 2026 г. в 11:00 по адресу г.Шымкент, Енбекшинский район., ул.Капал батыра, территория Ондиристик, здание 116/1. Ссылка Zoom:

<https://us05web.zoom.us/j/88266893587?pwd=2OcHBv9f6qY1fvFtJxGyzQ4w1U7ZCo.1>

Идентификатор конференции: 882 6689 3587, Код доступа: 9nNAom.

Территория воздействия: 42қ27'71.37"С, 69қ73'27.49"В

Документация по проекту размещена на сайте <https://hearings.ndbecology.gov.kz/> и на сайте ГУ «Управление развития комфортной городской среды города Шымкент» в разделе «Общественные слушания». <https://www.gov.kz/memleket/entities/shymkent-tabigi-resurstar/activities/directions?lang=ru>.

Общественность может направить свои замечания и предложения в электронной форме по адресу: g.ermekbaeva@shymkent.gov.kz, в бумажной форме: г. Шымкент, проспект Тауке хана, 6, тел. +7 (7252) 53-02-75, Также может направить на официальный сайт <https://ndbecology.gov.kz/>. Реквизиты и контактные данные инициатора намечаемой деятельности: ТОО «UNA-SMELT»

БИН: 260740012437, Юр.адрес: г.Шымкент, Енбекшинский район, ул.Капал батыра, территория Ондиристик, строение 116/1, 45, Руководитель: Даут Асаділлә Садықұлы, Тел: +7 701 236 2211.

Наименование и контактные данные разработчика документации: ТОО «Каз Гранд Эко Проект», тел. 8(775)3245005 город Шымкент ул.Байтұрсынова 20 б. БИН 111040001588. Дополнительную информацию можно получить по: 87753245005, sholpik@mail.ru